Жеке мекеме «ABC childcare» балабақшасы

Бекітемін
балабақша меңгерушісі

_____Аяпова М.М.

Ортаңғы «Ботақан» тобығы тобы балаларының 2024-2025 оқу жылына арналған тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Жеке мекеме «ABC childcare» балабақшасы
Топ: «Ботақан» ортаңғы тобы
Балалардың жасы 3 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі 02-06 қыркүйек 2024 жыл

Күн тәртібінің үлгісі	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
Балаларды қабылдау	Балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру.Алдағы күнге жақсы көңіл-күй сыйлау. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Алдағы қызметті ынталандыру **Күй күмбірі** -балаларды қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын артыру. **/музыка,біртұтас тәрбие/**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру.	Ата-аналармен баланың қалай ұйықтағаны, қандай көңіл-күймен оянғаны туралы әңгімелер.	Балалардың тамақтануы, қандай тағамдарды ұнататындары туралы әңгімелесу	Балалардың балабақшаға тез бейімделуі туралы әңгімелесу	Ата-аналармен баланың қалай ұйықтағаны, қандай көңіл-күймен оянғаны туралы әңгімелер.	Ата-аналардың өтініші бойынша кеңес беру
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл,бейнелеу, дербес және басқалары)	«Біздің топқа саяхат» дидактикалық ойын Міндеті: Ойын мен ойын жаттығулары арқылы балалардың сөздік қорын кеңейту **/сөйлеуді дамыту /** **«Біздің балабақша»**	«Қояндар өмір сүріпті» аз қимылды ойын**.** **Міндеті:** Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру **/дене шынықтыру/**	**«Балабақша» тақпақ жаттау** **Міндеті:** асықпай және дыбыстарды анық айту дағдыларын қалыптастыру. **/көркем әдебиет/**	«Бірдей заттарды тап» дидактикалық ойын Міндеті: Балаларды геометриялық пішіндерді тануға және атауға үйрету /шеңбер/ **/математика негіздері/**	**Сан, санау:** "Көп", "біреу" ұғымдары туралы түсініктерін арттыра отырып, біртекті заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсетуді үйрету.Сан есімдер

	Міндеті:әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыру **/құрастыру/**	«Магниттік мозаика» үстел ойыны**. Міндеті:** үлгі бойынша құрастыру **/құрастыру/**		**«Балабақша» тақпақ жаттау** **Міндеті:** асықпай және дыбыстарды анық айту дағдыларын қалыптастыруды жетілдіру**. /көркем әдебиет/**	1,2,3 санату, дәстүрден тыс сурет салу әдісі арқылы саусақпен бастырту **/математика негіздері,қазақ тілі,сурет салу/**
Ертеңгілік жаттығу	Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен); **/дене шынықтыру/**	Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен); **/дене шынықтыру/**	Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру; **/дене шынықтыру/**	Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру; **/дене шынықтыру/**	Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге); заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру; **/дене шынықтыру/**
	Әңұран айтқызу				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнау дағдысын қалыптастыру.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтқызу**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	«Балабақша жайлы мекен» Міндеті:балалардың балабақша, балабақша қызметкерлері туралы түсініктерін кеңейту, балабақшада жиі қолданылатын сөздермен таныстыру	**«Біздің топ»** Міндеті: балалардың өз тобының атауы туралы түсініктерін қалыптастыра отырып, суреттерді қарастыруда байланыстырып сөйлеуге үйрету және бөлмедегі	**«Топтағы гүлдер»** Міндеті: гүлдерді бақылау жасау, олардың өзіне тән белгілерін байқап, сипаттай білуді үйрету, түстерін атату,/ақ,көк,сары,қыз	**«Менің сүйікті балабақшам»** Мақсаты: балалардың ересектер әлемі туралы түсінігін кеңейту, олардың кәсіби қызметіне деген қызығушылығын ояту; сөздік қорын сыпайы	**«Қуыршаққа арналған шаш»** Міндеті: балалардың сөйлеу тілін заттардың қасиеті мен сапасын білдіретін сөздермен байыту, алақандарының арасында кесектерді

	/қоршаған ортамен таныстыру,қазақ тілі/ **«Түрлі түсті ойыншықтар»** Міндеті: ойыншықтардың дайын үлгілерін бояуды үйрету **/сурет салу/** **/**	заттарды ажырату және олардың санын анықтау /біреу,көп/ дағдыларын қалыптастыру. Ойыншық атауларын қайталату **/сөйлеуді дамыту,қазақ тілі, математика негіздері/**	ыл,жасыл/сөздерді жекеше-көпше түрде айтқызу,қағазға гүлді желімдеу техникасын қалыптастыру **/қоршаған ортамен таныстыру, қазақ тілі, сөйлеуді дамыу, жапсыру/**	және азық-түлікке қатысты сөздермен байыту: сәлеметсізбе, сау болыңыз, рақмет,нан, шәй, май, сүт, қаймақ, айран. Есту қабілетін дамыту-ересек адамның сөйлеуін тыңдау мүмкіндігі. Тәрбие еңбекті құрметтеу, ересектер мен оларға көмектесу **/сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру/**	жаю, элементтерді қарапайым заттарға біріктіру арқылы бантик жапсыру біліктерін дамыту , **/сөйлеуді дамыту,мүсіндеу, жапсыру/**
Кестеге сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру** **Жүгіру. Тепе-теңдікті сақтау**. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы (кеглилер арасынан) еркін жүру және жүгіру, жалғыз аяқ жолмен тепе-теңдікті сақтай отырып жүру дағдыларын жетілдіру. **Қимылды ойын: «Қасқыр мен Қызыл телпек»** ертегіні естеріне түсіріп, Қасқыр мен Қызыл телпек әжесінің үйіне жылдам жету үшін жіптердің арасынан тепе-теңдік сақтай отырып жүріп жарысады.	**Дене шынықтыру** **Жүгіру. Тепе-теңдікті сақтау**. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы (кеглилер арасынан) еркін жүру және жүгіру, жалғыз аяқ жолмен тепе-теңдікті сақтай отырып жүру дағдыларын жетілдіру. **Қимылды ойын: «Қасқыр мен Қызыл телпек»** ертегіні естеріне түсіріп, Қасқыр мен Қызыл телпек әжесінің үйіне жылдам жету үшін жіптердің арасынан тепе-теңдік сақтай отырып жүріп жарысады.	**Дене шынықтыру** **Жүгіру. Сапқа тұру.** Сапта бір-бірлеп жүгіруге, бағдар бойынша сапқа тұру дағдыларын қалыптастыру. **Қимылды ойын: «Күшік»** Екі аяққа басын сұғып, Жалбыр күшік жатыр сұлық. Оятайық жақындап барайық та, Қайтер екен содан соң қарайық та. Бір бала «күшік» болып ойнайды, қалған балалар өлең жолдарын қайталап, күшікті оятады, «Күшік»	**Қазақ тілі** **«Менің балабақшам»** Балаларды өз балабақшалары туралы қазақша айта білуге үйрету. Қимыл әрекеттерді білдіретін сөздермен(кел, отыр, бар, тұр, ал, әкел) және ойыншық атауларымен (доп,машина,қонжық, қуыршақ) таныстыру. Әдісі: түсіндіру, ойын, көрнекілік «Артық суретті тап» ойыны Шарты: балалар берілген суреттердің	

	Музыка Міндеті: балалардың музыкаға деген қызығушылықтарын арттыру. Бірдей ән салуға, қимыл-қозғалысты игеруге үйрету. Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанр: әнмен таныстыру. Ән үйрену: «Бала, бала, балапан» 1-2 шумағы Ойын: «Күн мен түн» Қимыл-қозғалыс: «Шөжелерім» Музыканың басталуы «Күн», аяқталуы «Түн» музыка әуенімен қимыл жасау. «Шөжелерім» әніне /шоқу, жем жеу, қанат қағу/		допты қуалайды, балалар допты күшікке бермеуге тырысып, бір-біріне лақтыады. Балалар орындарын кезек кезек «күшік» болып ауысып ойнайды.	ішінен артық суретті алып тастайды «Көлеңкесін тап» ойыны: балаларға ойыншықтардың суреттері беріледі, соны балалар көлеңкесімен сәйкестендіріп табады. Ойыншық түстерін /Ақ, көк, қара, сары, жасыл, қызыл/ түстерін атату Үлгі бойынша құрастыру **/құрастыру/**	
Серуенге дайындық	Серуенге қызығушылық туғызу. Балалардың өз-өзіне қызымет ету дағдыларын қалыптастыру /киімдерін ретімен кию/. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)**.				
Серуен	Ауа райын бақылау «Күз және күзгі ауа райы туралы» әңгімелесу Мақсаты: күздің ерекшеліктері туралы түсінік қалыптастыру.	Жәндіктерді бақылау «Жәндіктер туралы» әңгімелесу Мақсаты: жеке тәжірибеге сүйене отырып, талдау мен	Ауаны бақылау «ауа және ауаның қасиеті туралы түсінік қалыптастыру» Мақсаты: жансыз табиғат құбылыстарына	Ағаштарды бақылау. «Балаларды балабақша маңындағы ағаштарымен таныстыру» Мақсаты: ағаштарға деген сүйіспеншілікті ояту,	Күзгі жапырақтың түсуін бақылау «Балалардың күзгі мезгіл туралы түсінігін арттыру: жапырақтар түсуде,

	Көркем сөз: Біз жүріп келе жаттық, Әлдене тауып алдық… Қарап, қарап, әрі қарай жүрдік. «Құстар ұшады» қимыл-қозғалысты ойын Мақсаты: әр түрлі бағытта жүгіруді дамытуды жалғастыру, итерместен, үйшікті табу, сигнал бойынша әрекет ету. Кеңістікті бағдарлай білу. Еңбек қызметі: Түскен жапырақтарды жинау, олардан мүсіндер құрастыру **/қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, дене шынықтыру,еңбек әрекеті/**	қорытынды жасауға үйрету. «Жәндіктердің тіршілігіне» бақылау жүргізу «Көбелек гүлге қонды» қимыл-қозғалысты ойын Мақсаты: бір-бірімен соқтығыспай жүгіруді үйрету; қимыл белсенділігін дамыту. Еңбек қызметі: учаскедегі еңбек, бұтақтарды жинау **/қоршаған орта, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, дене шынықтыру/**	қызығушылықты арттыру; Ауаның түссіз,иіссіз екеніне зерттеу жасату «Ұядағы құстар» қимыл-қозғалысты ойын Мақсаты: қозғалыс белсенділігін дамыту, кеңістікте бағдарлауды үйрету. Еңбек қызметі: учаскедегі бұтақтар жинау/**қоршаған орта, сөйлеуді дамыту, зерттеу әреткеті, дене шынықтыру/**	оларды қорғауға деген ұмтылыс. Ағаштардың өсуі және тіршілігіне бақылау жасау. Ағаш суреттерін бояту Қимыл-қозғалысты ойын: «Еңбек қызметі: учаскедегі құраған ағаштарды жинастыру, талдарды суару **/қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, зерттеу, дене сурет салу/**	олар ағаштарда күн сайын азаюда» Көркем сөз: Ол көктемнен бұтақта ілініп тұрды, Жап-жасыл еді - сарғайды, Сәл ғана жел соғып еді, Жерге үзіліп түсті. (Жапырақ) «Торғай және автомобиль» қимыл-қозғалысты ойын Мақсаты: әр түрлі бағытта жүгіру, итерместен, үйшігін табу, сигнал бойынша әрекет ету. Еңбек қызметі: жапырақтарды теру **/қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, дене шынықтыру/**
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. **/Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары/**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу дағдыларын жетілдіру. Тамақтанарда дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айтуды үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**				
	«Жеті лақ» ертегісі Міндеті: ертегінің мазмұнын түсінуге,	**«Жеті лақ» ертегісі Міндеті: е**ртегінің мазмұнын түсінуге,	Баяу музыка **/музыка/**	«Күй тыңдату» **музыка**	жайлы жатуға жағдай жасау, ертегі оқу

	тыңдауға үйрету **(көркем әдебиет)**	тыңдауға үйретуді жалғастыру **(көркем әдебиет)**			«шалқан» **/көркем әдебиет/**
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Кім әлі ұйқыда? Тұру керек. Асығыңдар жаттығуға. 1. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, 2. Балалар төсекте, арқаға жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу. **/дене шынықтыру/**	Қайық. Ішпен жату, қолдар иектің астында. Жартылай тұрып, еңкею, тербелу. Жерде бұлақ жүреді, Қағаздан қайық жасайық. Суға оны жіберіп, Қайықпен бірге жүзейік. **/дене шынықтыру/**	**Ояну** Төсекте жатып жасайтын жаттығулар (2-3 минут) Созылу. Б.қ. арқада жатып қолымызды жоғары көтеріп басымыздан асырап төсекке түсіреміз, көзімізді ашып жұмамыз (2- 4 рет) Ойын «Жаз бен қыс» оң жаққа қарап жатып қыс дегенде тіземізді құшақтап алу, күзде суық тонамыз , жаз дегенде керілеміз (3- 4 рет) **/дене шынықтыру/**	Мысық. Терезенің қасында, Орындықты тауып ап, Мысық ұйықтап жатады, Оян, қане мысығым, Жаттығуды жасайық. Бір бүйірден екінші бүйірге аунау. /дене шынықтыру/	Майтабанның алдын алу. (2 минут) Арнай жолдармен жүру, дымқыл жолмен жүру.
Бесін ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу дағдыларын жетілдіру. Тамақтанарда дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айтуды үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылды,ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел-үсті және басқа ойындар, бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және т. б.)	«Ойыншықтарды топтастырайық» Міндеті: "Көп", "біреу" ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыруды жалгастыру **/математика негіздері/**	**«Күзгі жаңбыр»** Міндеті: күзгі табиғаттың өзіне тән белгілерін байқап, сипаттай білуді үйрету ,дәстүрден тыс сурет салу (саусақтарымен) дағдыларын қалыптастыру,	**«Жұпталған суреттер» үстел ойыны** Міндеті: бөлмедегі заттарды ажырату және олардың санын анықтау дағдыларын қалыптастыру.	«Балабақша маңындағы ағаштар» Міндеті: бірнеше тік және көлденең сызықтардан заттарды салу (дуал, ағаш) , бейнеленген заттарға сәйкес түстерді таңдау және ермексазды	**«Ағаштар»** балабақшаның ауласындағы ағаштарды бақылау жасау, олардың өзіне тән белгілерін байқап, сипаттай білуді

	«Менің сүйікті ойыншығым» Міндеті:ермексаздың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру. Ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату тәсілін пайдалана отырып кейбір заттарды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру және жайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету **/мүсіндеу, жапсыру/**	бейнеленген заттарға сәйкес түстерді таңдай отырып, желімдеудің техникасын меңгерту, ермексазды бөліп алып, ширату арқылы мүсіндеуді үйрету **/қоршаған орта,сурет салу,жапсыру,мүсіндеу/**	**/математика негіздері/** **«Бізің топтағы ойыншықтар»** **Міндеті:** үлгі бойынша құрастыру, элементтерді қарапайым заттарға (ойыншықтарды) біріктіру білігін жетілдіру. Салынған пішіндерді бояуды үйрету **/мүсіндеу,сурет салу,құрастыру/**	ширату тәсілін пайдалана отырып ағаштарды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру **/сурет салу,жапсыру,** **мүсіндеу/**	үйрету **/қоршаған орта/** үлгі бойынша құрастыру **/құрастыру/**
Балалармен жеке жұмыс	Балабақшаға бейімделуіне көмектесу Т.Бағлан, С.Бауыржанұлы	Дұрыс тамақтану, мәдени-гигиеналық дағдылар және киініп-шешінуді үйретуді жалғастыру А.Метеубек, М.Найман	Баланың өзі /есімі,жасы/туралы айтуын үйрету А.Нұрмұхамед, А:Серікжан	Балабақшаға бейімделуіне көмектесу А.Руслан, М.Найман	Достарымен еркін қарым-қастынас жасауға машықтандыру И.Қанабек, Т.Дүйсенхан
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау.	Сыртқы киімдерін ауыстырып киюді қадағалау.	Балалармен жеке әңгімелесу.	Серуенге шығамыз деген нұсқаумен барлық балалар орындарына тұру.	Балаларды табиғатпен таныстыру.
Серуен	Бақылау: қыркүйек келді-күздің бірінші айы. Әңгіме. Күндіз жылы және құрғақ болса да күзгі кеш салқын. Балаларды күзгі ауа-райының жағдайын айтуға үйрету	Ағаштар мен бұталарды бақылау. Әңгіме. Ағаштар мен бұталардағы жапырақтардың түсі біртіндеп өзгеретініне назар аудару: қайың сарыға айналады, үйеңкі қызылға айналады, ал терек әлі де жасыл болып	Бақылау: жаңбырды өзіміз жасаймыз. Әңгіме. Суқұйғыштан жалпақ ыдысқа су құю – жаңбыр жауады: (баяу құямыз-жаңбыр тамшылайды, себелейді; Суқұйғышты жоғары көтеріп, су құямыз-	Бақылау: «гербарий» ұғымымен таныстыру. Әңгіме. Кептірілген жапырақтардан (аппликация, қолөнер) не істеуге болатын жапырақтарды (құрғақ) қалай сақтауға болатынын қарастыру. Күзгі	Жақын ортадағы заттарды бақылау. Әңгіме. Балалардың танымдық қызығушылықтарын дамыту. Мақсаты: жақын ортадағы заттар туралы түсінік

	«Құстар ұшады» қимыл-қозғалысты ойын Еңбек әрекеті: жапырақтарды жинау **/қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру,еңбек әрекеті/** **Әткеншек тебу**	қалады. Балаларды ағаштар мен бұталар қысқа дайындалады деген қорытындыға келтіру**.** «Жапырақ, маған кел...» қимыл-қозғалысты ойын Еңбек әрекеті: қураған ағаштар мен бұталарды теру **/қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру,еңбек әрекеті/** Еркін ойындар	қатты жаңбыр жауады, нөсерлетеді...) Суды губкамен жинап, басқа ыдысқа сығыңыз-тағы жаңбыр жауады «Сиқыршылар» қимыл-қозғалысты ойын Еңбек әрекеті: ағаштарға су құю **/қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру,еңбек әрекеті/**	жапырақтардан гүл шоқтарын жасау: «Торғай және автомобиль» қимыл-қозғалысты ойын **/қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру,еңбек әрекеті/**	қалыптастыру. «Ұшақтар» қимыл-қозғалысты ойын Еңбек әрекеті: ойыншықтарды ретте Еркін ойындар **/қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру,еңбек әрекеті/**
Балалардың үйге қайтуы	Жаңадан келген балалардың балабақшаға дұрыс бейімделуіне жағдай жасау	Жаңадан келген балалардың ата-аналарымен балабақша туралы, бала тәрбиесі туралы әңгімелесу	«3-4 жастағы балалардың даму ерекшеліктері» тақырыбында әңгімелесулер жүргізу, кеңес беру	Баланың дұрыс тамақтануы туралы әңгімелесу жүргізу	Ата-аналардың жеке сұрақтары бойынша кеңестер беру, демалыс күнін сәтті жоспарлауды айту

Толтырған тәрбиешілер: А.Исмаилова
Тексерген әдіскер: Р.Усенова

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Жеке мекеме «ABC childcare» балабақшасы
Топ: «Ботақан» ортаңғы тобы
Балалардың жасы 3 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі 9-13 қыркүйек 2024 жыл

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 09.09	Сейсенбі 10.09	Сәрсенбі 11.09	Бейсенбі 12.09	Жұма 13.09
Балаларды қабылдау	Баланың көңіл-күйі мен оның мүдделері туралы әңгіме. Қажет болса, ойнайтын балаларға қосу. Сыртқы келбетке назар аудару. Ойын қызметіне қосуға бастамашылық жасау **Күй күмбірі -**балаларды қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын артыру./**музыка,біртұтас тәрбие бағдарламасы/**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру.	Ауа-райы бойынша баланың киімі туралы әңгімелесу.	Баланың балабақшаға бейімделуі туралы әңгімелесу	Баланың тамақтануы туралы айту	Балалардың жеке бас тазалығы туралы әңгімелесу	Баланың балабақшадағы 1 күні туралы әңгімелесу.
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл,бейнелеу, дербес және басқалары)	«Комплемент» ойын жаттығуы Міндеті:белсенді сөздікті байыту Ойын міндеті: балаларды бір-біріне ,досына мақтау айтуға үйрету. **/қазақ тілі/**	«Менің дене мүшелерім» дидактикалық ойын Мақсаты: эмоциялар мен сезімдерді түсінуге, оларды мимика мен ым-ишарат арқылы білдіруге үйрету, бас, көз, мұрын, ауыз, тіл, тіс, ерін, құлақ, шаш, бетті	«Жақсы-жаман» дидактикалық ойын Мақсаты: балалардың жақсы және жаман әрекеттері туралы түсініктерін дамыту; ересектердің сөзін тыңдау, және түсіну дағдыларын қалыптастыру,балаларда мейірімділік пен сезімталдықты	Шама бойынша заттардың әртүрлі болатыны туралы түсінік беру **/математика негіздері /** Балалардың қызығушылықтары бойынша үстел ойындары	«Кімге не керек?» дидактикалық ойын Міндеті: кәсіптік құралдарды табу және атауда жаттығу. Балалардың сөздік қорларын тәрбиеші, дәрігер, аспазшы,сатушы сөздермен байыту.Шама бойынша заттардың

	Кітап бұрышындағы кітаптарды қарау **/көркем әдебиет/**	атау. Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және атау **/қазақ тілі,математика негіздері/** Балалардың қызығушылықтары бойынша үстел ойындары **«Дене мүшелері»** **/жапсыру/**	тәрбиелеу. **/сөйлеуді дамыту /** Lego конструкторымен ойындар **/құрастыру/**		әртүрлі болатынын туралы түсініктерін арттыру **/ қазақ тілі,математика негіздері/**
Ертеңгілік жаттығу	Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артына апарып шапалақтау; қолды алға, жан-жаққа созу **/дене шынықтыру/**	Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артына апарып шапалақтау; қолды алға, жан-жаққа созу**/дене шынықтыру/**	Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу. **/дене шынықтыру/**	Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу. **/дене шынықтыру/**	Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артына апарып шапалақтау; қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу. **/дене шынықтыру/**
	Әнұран айтқызу				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін жетелдіру, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				

Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	**«Кімнің заты?» дидактикалық ойын** Мақсаты: балаларды суретті қарастыруда айналадағы кейіпкерлердің іс-әрекеттерін, олардың өзіне қатысты заттың атын атауға үйрету; заттардың өзіне тән белгілерін байқап, сипатай білуді жетілдіру/**сөйлеуді дамыту,қоршаған ортамен таныстыру/**	«Достарға арналған шар» сурет салу Мақсаты: түрлі түсті борлармен сурет салу; бояу дағдыларын дамыту;домалақтау тәсілін пайдалана отырып, ермексаздан түрлі түсті шарларды мүсіндеу /**сурет салу,мүсіндеу/**	**Еңбегі ерен жас өрен:**Табиғат бұрышындағы еңбек – гүл құмырасындағы топырақты босату, гүлдерге бақылау жасау,жапырақ шаңын сүрту /**қоршаған ортамен таныстыру, еңбек әрекеті/**	**«Қауіпсіздік ережелері»** Балаларға жолдан өту, бағдаршам жұмысы туралы айту. Бағдаршамды қима қағаздардан құрастыру /**қоршаған ортамен таныстыру,құрастыру/**	«Сыйлықты орау» ойыны Міндеті: Балалардың сөйлеу тілін заттардың қасиеті мен сапасын білдіретін сөздермен байыту / **сөйлеуді дамыту/**
Кестеге сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру** **Жүру. Домалату.** Міндеті:Сапта бір-бірлеп жүру, балалар аяқты алшақ ұстаған қалыпта бір-бірлеріне қарама-қарсы отырып, допты домалату дағдыларын қалыптастыру. **Жұмбақ жасыру арқылы ойын жүргізушіні анықтап алу:** Өзі кішкене дөп-дөңгелек, Тапшы қане, біле	**Дене шынықтыру** **Секіру. Тепе-теңдікті сақтау.** Міндеті:Жоғары қарай 2-3м қашықтықта алға қарай жылжи отырып секіру, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүруді жетілдіру. **Қимылды ойын:** **«Ақ серек, көк серек»**	**Дене шынықтыру** **Жүгіру. Сапқа тұру.** Міндеті:Бірінің артынан бірі жүгіру, шеңберге шағын топтармен және барлық топпен тұру дағдыларын жетілдіру. **Қимылды ойын:** **«Мені қуып жет!»** Балалардың шапшаңдығын дамыту.	**Қазақ тілі** **Менің сүйікті ойыншықтарым** Міндеті:Балаларды ойыншықтарының аттарын, олар туралы қысқаша айта білуге үйрету. Дауысты (а, ә) және кейбір дауыссыз (п-б) дыбыстарды айта білу; Сөздік қорларын Доп, мәшине, қонжық, қуыршақ сөздерімен байыту **/сөйлеуді дамыту, қазақ тілі/** «Түрлі-түсті суреттер» ойыны:	

	алсаң. Өзіңнен де биікке асады, Мықтап жерге ұра алсаң. (доп) **Қимылды ойын:** **«Допты тигіз»** Балалар жан жаққа қашады, допты ұстап тұрған бала допты лақтырып, оны тигізуге тырысады. **Музыка** **Міндеті:** музыкаға деге қызығушылықты арттыру, бірдей ән салуға, қимыл-қозғалысты игеруге үйрету.Ән айту дағдыларын дамыту, бір қарқында әнді таза айту,сөздерді анық айта отырып, әннің сипатын жеткізу. Залға сылдырмақпен кіру Ән тыңдау «Көңілді сылдырмақ» Ән үйрену: «Сұр қоян»			балалар қолдарындағы суреттерді екінші баланың қолындағы суретімен сәйкестендіріп, қандай ойыншық екенін табады. Ол ойыншыққа қысқаша сипаттама айтып үйренеді.	

	1-ші шумағы Ойын: «Қояным» Қояным, тұршы Бетіңді жушы, Айнаға қарашы, Шашыңды тарашы, Етігіңді киші, Енді бізді қушы.				
Серуенге дайындық	белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге машықтандыру **/Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары/.**				
Серуен	**Құстарды бақылау** Әңгімелесу: қыстап қалатын және жылы жаққа ұшатын құстар туралы түсінікті нақтылау. Құстарға деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу. «Ұшады-ұшпайды» ойыны Мақсаты: қозғалыс белсенділігін дамыту, Жапырақтардан құстарды бейнелеу. Еңбек қызметі: Кептерлерді тамақтандыру **/қоршаған ортамен таыстыру,құрастыру, дене шынықтыру,еңбек әрекеті/**	**Күнді бақылау.** Күн туралы мағұлымат бере отырып, оның шашатын сәулесі,шуағы туралы айту. Күзгі маусымдағы күннің шуағын әңгімелеу Күн сәулесін бақылау /ыстық көп түсетін жерде/ Күн туралы жұмбақ жасыру «Күн мен түн» ойыны Мақсаты: қозғалыс белсенділігін дамыту, зейінді, ептілікті дамыту. **Еңбек қызметі:** түскен сары	**гүлзарларда өсірілген гүлдерді бақылау**. Гүлдер және олардың тіршілігі туралы түсінікті нақтылау. Гүлдердің өсуіне бақылау жасау Гүлдерді сурау, оларға күтім жасауды үйрету Еңбек қызметі: гүлдердің арам шөптерін жұлып, сарғайғандарын теріп, суару «Біз Гүлдерді жұлмаймыз,оларға қамқор боламыз!» «Көбелек гүлге қонды» ойыны **/сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет, дене**	**Ағаштарды бақылау.** «Балаларды балабақша маңындағы ағаштарымен таныстыру» Мақсаты: ағаштарға деген сүйіспеншілікті ояту, оларды қорғауға деген ұмтылыс. Ағаштардың өсуі және тіршілігіне бақылау жасау. Ағаш суреттерін бояту Қимыл-қозғалысты ойын: «Еңбек қызметі: учаскедегі құраған ағаштарды жинастыру, талдарды суару **/қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, зерттеу, дене сурет салу/**	**Күзгі жаңбырды бақылау.** Жаңбыр және оның қалай жауатыны туралы түсінік қалыптастыру.Жаңбырдың қалау жауатынына бақылау жүргізу «Жаңбыр тамшылары» бейнелеу «Жау,жау, жаңбыр» әні «Қолшатыр» қимылды ойын Мақсаты: әр түрлі бағытта жүгіру, бір-біріне соқтығыспай қолшатыр астына жиналу **/қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, зерттеу, дене сурет салу/**

		жапырақтардан күн бейнесін бейнелеу **/сөйлеуді дамыту,көркем әдебите, дене шынықтыру, зерттеу, еңбек әрекеті/**	**шынықтыру, зерттеу, еңбек әрекеті/**		
Серуенне оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру**. /өзіне -өзі қызмет ету дағдылары/**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу дағдыларын жетілдіру. Тамақтану дағдыларын арттыру. Өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айтуды үйрету. (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**				
	«Шалқан» ертегісін оқу **/көркем әдебиет/** Мақсаты: ертегінің мазмұнын түсінуге үйрету	Гигиеналық процедуралар. Ұйқыны ұйымдастыруға жағдай жасау. «Қобыз үнін» тыңдау /музыка/	Гигиеналық процедуралар. Ұйқыны ұйымдастыруға жағдай жасау. Е. Поляковтың «Ұйықта, балам» бесік жырын тыңдау	Гигиеналық процедуралар. Ұйқыны ұйымдастыруға жағдай жасау. «Қобыз үнін» тыңдау	«Шалқан» ертегісін оқу /көркем әдебиет/ Мақсаты: ертегінің мазмұнын түсінуге үйрету
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары	Майтабанның алдын алу. (2 минут) Арнай жолдармен жүру, дымқыл жолмен жүру.	Мысық. Терезенің қасында, Орындықты тауып ап, Мысық ұйықтап жатады, Оян, қане мысығым, Жаттығуды жасайық.	**Ояну** Төсекте жатып жасайтын жаттығулар (2-3 минут) Созылу. Б.қ. арқада жатып қолымызды жоғары көтеріп басымыздан асырап төсекке түсіреміз, көзімізді ашып жұмамыз (2- 4 рет)	. Қайық. Ішпен жату, қолдар иектің астында. Жартылай тұрып, еңкею, тербелу. Жерде бұлақ жүреді, Қағаздан қайық жасайық. Суға оны жіберіп,	Кім әлі ұйқыда? Тұру керек. Асығыңдар жаттығуға. 1. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, 2. Балалар төсекте, арқаға жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу.

		Бір бүйірден екінші бүйірге аунау	Ойын «Жаз бен қыс» оң жаққа қарап жатып қыс дегенде тіземізді құшақтап алу, күзде суық тонамыз , жаз дегенде керілеміз (3- 4 рет)	Қайықпен бірге жүзейік.	3. Балалар төсекте, арқаға жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру.
Бесін ас	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылды,ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел-үсті және басқа ойындар, бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және т. б.)	«Дүкенге ойыншықтар әкелінді» сюжеттік-рөлдік ойын Мақсаты: ойын арқылы сөздік қорларын дамыту, ойыншықтарды жалпы белгілері бойынша топтастыруға үйрету,көру арқылы пішінін айту **/сөйлеуді дамыту,математика негіздері/** Дайын салынған қуыршақтың суретін бояту, ермексаздан доп жасату, қуыршақ бейнесіне сәйкес түстерді таңдап, оның киімдерін жапсыру **/сурет салу,мүсіндеу, жапсыру/**	«Әр түрлі ғимараттар» дидактикалық ойыны Мақсаты: әртүрлі бейнелерді ойлап табуға үйрету**./құрастыру/**	**Мобильді кітапхана**. «Шалқан» ертегісі. Міндеті: балаларға ертегілер айтып беру, оны тыңдату арқылы ертегілдерге деген қызығушылықтарын ояту, мазмұнын түсініп, тыңдауға баулу /**көркем әдебиет**/ «Ертегі Кейіпкерлерін ретімен қой» дидактикалық ойыны Мақсаты: есте сақтау, зейінді дамыту / **математика негіздері/** Шалқан ертегісі кейіпкерлерін дайын үлгіде бояту, жапсыру, ермексаздан шалқанды мүсіндету **/сурет салу, жапсыру, мүсіндеу/**	Дидактикалық ойын «Не және қалай естіледі». Мақсаты: музыкалық аспаптардың дыбысталуын ажыратуға үйрету. **/музыка/** «Көңілді ойыншықтар» шығармашылық минуты Мақсаты: саусақпен сурет салу арқылы ойыншықтарды бейнелеу,дайын пішіндерден ойыншықтар бейнесін жапсыру,ойыншықтарды ермексаздан мүсіндеу **/сурет салу,жапсыру,мүсіндеу/**	«Түймелерді тағу және шешу» Мақсаты: Балалар ұлттық киімдердегі түймелерді шешіп, қайта тағу арқылы саусақ қимылы дағдыларын дамытады. Ұлттық киімдердегі түймелерді бояу**, /сурет салу/** Қыз бен ұлға ұлттық киім кигізу **/жапсыру/** Түрлі түсті түймелерден шапан құрастыру **/құрастыру/**

	Дидактикалық ойын «Қолмен сезініп тап» Мақсаты: қандай ойыншықтың жасырылғанын анықтауға және атауға үйрету				
Баламен жеке жұмыс	Балалардың топтағы баллармен қарым-қатынасын жақсарту О.Мұратбек, А.Руслан	Тәрбиешінің сөзін түсінуге, тыңдауға үйрету Д.Ертуганова, К.Жомарт, М.Найман	Дұрыс тамақтану, мәдени-гигиеналық дағдылар туралы үйрету Т.Бағлан, А.Руслан,А.Тұрсынқұл	Ересектермен қарым-қатынасқа үйрету А.Уали, А.Метеубек	Достарымен еркін қарым-қатынас жасауға үйрету И.Канабек, М.Найман, Д.Ертуганова
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.				
Серуен	**Бақылау: «су»** Су және оның адам, басқа да табиғат үшін маңызын түсіндіре отырып, оған зерттеу жүргізу./Түсіне, дәміне,күйіне/ **/сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, зерттеу әрекеті/**	**Аспан мен бұлттарды бақылау.** Аспанның ашық не бұлтты болғанын, бұлттардың аспанда ұшатынын байқауға бейімдеу; зияткерлікке тәрбиелеу. Әртүрлі табиғи құбылыстармен танысуды жалғастыру. Күн райының қандай екенін ажыратуды үйрету	**Бақылау: «Жаңбырды өзіміз жаудырамыз».** Әңгіме. Суқұйғыштан жалпақ ыдысқа су құю – жаңбыр жауады: (баяу құямыз-жаңбыр тамшылайды, себелейді; Суқұйғышты жоғары көтеріп, су құямыз-қатты жаңбыр жауады, нөсерлетеді...) Суды губкамен жинап, басқа ыдысқа сығыңыз-тағы жаңбыр жауады	**Торғайды бақылау.** Торғай туралы түсініктерді жетілдіру; зеректікке, қамқорлыққа тәрбиелеу. Шыр-шыр еткен торғайды, Қорғамасаң, болмайды. Кіп-кішкене торғайлар Ағаштарды қорғайды. Таспен атып торғайды	**Күн райының жағдайын бақылау.** Табиғи құбылыстың бірі - тұман туралы түсінік қалыптастыру;тұманның пайда болуын және маусымдық құбылыстарды бақылауды үйрету; осы құбылыстың ерекшеліктерін байқау, қорытынды жасау. Ересек адамдармен орындалатын

		(ашық, бұлтты бұлттар, жаңбыр). Мақтадан бұлт жасату «Қолшатыр» қимылды ойыны» **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту,дене шынықтыру)**	«Сиқыршылар» қимыл-қозғалысты ойын /дене белсенділігі/ **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**	Ұя бұзған оңбайды! Құс өкпелеп кетеді, Бақшамызға қонбайды. Торғайдың дайын салынған бейнесін бояту, дайын үлгілерін жапсырту "Мысық пен торғайлар" қимыл-қозғалыс ойыны. **(қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту,сурет салу, жапсыру дене шынықтыру)**	қарапайым еңбек тапсырмалары (учаскедегі қоқыстарды жинау). Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеуге ұмтылысты тәрбиелеу. **/сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, зерттеу әрекеті/**
Балалардың үйге қайтуы	. Балаланың балбақшаға бейімделуі туралы айту	«Баланың үйдегі ойын бұрышы» тақырыбында әңгімелесу	**Өнегелі-15 минут** Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға мүмкіндік беру, ата-ананы балабақша жұмысына тарту, бала мен ата-ана қарым-қатынасын арттыру	«3-4 жастағы балаларға қандай ойыншықтар қажет» кеңес	Балалар демалысын қалай ұйымдастырамыз?

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Жеке мекеме «ABC childcare» балабақшасы
Топ: «Ботақан» ортаңғы тобы
Балалардың жасы 3 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі 16-20 қыркүйек 2024 жыл

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Сыртқы келбетке назар аудару. Ойын іс-әрекетіне қосуды бастау. Қызықты, мазмұнды қызметті қамтамасыз ету «Күй күмбірі» **/біртұтас тәрбие/**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру.	Балалардың жеке бас тазалықтары туралы айту	Баланың үйдегі көңіл күйі туралы әңгімелесу	Балабақшадағы баланың досы туралы әңгімелесу	Ата-аналардың өтініші бойынша кеңес беру	Балалардың телефонға тәуелділігін азайту жолдары әңгімелесу
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл,бейнелеу, дербес және басқалары)	«Әр түрлі ойыншықтар» көрмесі Мақсаты: ойыншықтардың әртүрлі түрлерін қарастыру, оларды салыстыру. **/сөйлеуді дамыту,математика негіздері/** **«Жасырынбақ» саусақ гимнастикасы**	«Ыдыстар» туралы әңгімелесу Балаларға күнделікті қолданылатын кесе, тәрелке,қасық,пышақ, шәйнек туралы түсінік беру, ойын арқылы сөздік қорын молайту «Қуыршақтар тамақтандырамыз»ойыны **/қазақ тілі,сөйлеуді дамыту/**	«Ойыншықты тап» дидактикалық ойыны Мақсаты: жалпы белгілері бойынша топтастыру, олардың санын анықтау /көп, біреу/ салынған ойыншық пішіндерін бояту **/сөйлеуді дамыту, математика негіздері,сурет салу/** Паровоз пысылдайды к/о: «Чух-чух»	**Еңбегі ерен жас өрен:** «Ойыншықтар күтімді қажет етеді» әңгімелесу. ойыншықтардың тазалығы туралы айту, ойыншықтарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Үлгі бойынша құрастыру **/ қоршаған ортамен таныстыру,құрастыру/**	**Тыныс алу гимнастикасы:** Біз ауаны ақырын жинаймыз, Қызыл допты үрлейміз. Шар күшеніп, пысылдап, Жарылып, ысқырды: «Т – с – с – с!»

	Саусақтар жасырынбақ ойнады Бас бармақты жасырып қойды. Міне, осылай, Осылай жасырынды. (Қолды қатты қысып, ашамыз және алақандарды көрсетеміз.)				(дем алу — шығару, дем алу — дыбыстап шығару) Ойыншықтарды пішіні бойынша топтастыруға үйрету,олардың санын анықтауды жалғастыру **/математика негіздері//**
Ертеңгілік жаттығу	Кеудеге арналған жаттығулар: допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға- оңға) бұрылу; **/дене шынықтыру/**	Кеудеге арналған жаттығулар: допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға- оңға) бұрылу; **/дене шынықтыру/**	Кеудеге арналған жаттығулар: Допты қолға ұстап солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта); аяқты көтеру және түсіру, аяқтарды қозғалту (шалқасынан жатқан қалыпта); **/дене шынықтыру/**	Кеудеге арналған жаттығулар: Допты қолға ұстап солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта); аяқты көтеру және түсіру, аяқтарды қозғалту (шалқасынан жатқан қалыпта); **/дене шынықтыру/**	Кеудеге арналған жаттығулар: допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға- оңға) бұрылу; солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта); аяқты көтеру және түсіру, аяқтарды қозғалту (шалқасынан жатқан қалыпта); **/дене шынықтыру/**
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін жетелдіру, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				
Ұйымдастырылған іс әрекетті өткізуге дайындық	**«Түрлі түсті Шарлар»** Мақсаты: балаларда түстердің көптүрлілігі туралы түсінік	**Ойын «Не артық?»** Шарты: балалар берілген суреттерді топтастырып, олардың	«Бауырсақ» ертегісі. Ертегінің мазмұнын түсініп, тыңдауға үйрету.Бауырсақты	«Бауырсақ» ертегісі. Ертегінің мазмұнын түсініп, тыңдауға	«Көліктер»ойыншығымыз Балаларды өз ойыншықтары туралы

	қалыптастыру; шарларды түсі бойынша сәйкестендіруге үйрету; түрлі түсті шарларды жапсыру, бояу және ермексаздан мүсіндеу **/сурет салу, жапсыру, мүсіндеу/**	ішінен артығын бөліп көрсету. **/математика негіздері /**	жапсыру, құрастыру,мүсіндеу/ **/көркем әдебиет,жапсыру, құрастыру,мүсіндеу/**	үйретуді жалғастыру. /көркем әдебиет/	айтуға машықтандыру, ойыншықтар ішінде көліктер /машна, ұшақ,пойыз,тарктор,автобус/ түрлерімен таныстырып, олардың дыбыстауын, адам үшін қызметін айту. «Ойыншықтарды топтастыр ойыны» балалар берілген суреттер ішінен көлік түрлерін бөліп көрсетеді. Көліктерді жапсыру, дайын суретті бояу, ермексазан мүсіндеу **/қазақ тілі,сөйлеуді дамыту,жапсыру,сурет салу,құрастыру/**
Кестеге сәйкес ұйымдастырылған іс -әрекет	**Дене шынықтыру** Негізгі қимыл: Велосипед тебу дағдыларын жетілдіру. **«Өзіңе жұп тап»** ойыны арқылы балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын,	**Дене шынықтыру** **Секіру. Домалату.** Екі аяқтап басты затқа тигізе отырып секіру, аяқты алшақ ұстаған қалпында допты домалату дағдыларын жетілдіру. «Сұр қоян жуынады» ойыны арқылы қимыл-қозғалыс қабілеттерін арттыру, тілдерін дамыту, ептілікке тәрбиелеу.	**Дене шынықтыру** **Жүгіру. Еңбектеу.** Қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіріп жүгіру, жыланша еңбектеу дағдыларын жетілдіру. **«Кеглиді көзде»** ойыны арқылы мергендікке, ептілікке, белгілі бір бағытты көздей білуге үйрету. Балалар екі қатарға бөлініп тұрады, тізілген кеглиларды доппен көздер	**Қазақ тілі** **«Менің киімім»** Міндеті: балалардың сөздік қорын шалбар,көйлек,жейде,кеудеше,жемпір сөздерімен толықтыру. Киім түрлерін жапсыру, дайын үлгілерін бояту, ермексаздан мүсіндеу/**қазақ тілі, жапсыру,сурет салу, мүсіндеу/**	

	жүгіру мен жүру дағдыларын дамыту. **Музыка** Міндеті: музыканы эмоционалды көңіл - күймен қабылдауға баулу. Ән айту дағдыларын дамыту, бір қарқында әнді таза айту,сөздерді анық айта отырып, әннің сипатын жеткізу.Көңілді сылдырмақтың түрлі ырғағымен бірінің артынан бірі жүру.Үйретілген әнді қимыл қозғалыспен бере білу. Залға көңілді әуенмен кіру Ән «Кел билейік» Ән үйрену: «Сұр қоян» 2-ші шумағы Қимыл-қоғалыс: «Гүлдер» Дидактикалық ойын: «Кім жылдам?» -Ал, келіңдер, келіңдер Мені қуып жетіңдер деп балаларды ойынға шақыру. «Гүлдер» әніне жеңіл би қимылдарын келтіру.	Қоян, қоян тұршы, Беті-қолды жушы. Айнаға қарашы, Шашыңды тарашы, Енді бізді қушы. Қоян қимылмен көрсете отырып жасап тұрады. енді бізді қушы дегенде балаларды қуа жөнеледі. Ұсталған бала қоян болады. Ойын 4-5 рет қайталанады.	құлату керек. Әр бала өзінің құлатқан кеглиін есінде сақтап отырады. Допты оң қолмен, сол қолмен де домалатуға болады.		

Серуендеуге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Серуенге қызығушылық туғызу. Балалардың өз-өзіне қызымет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. Достарына көмектесу дағдаларын жетілдіру. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.				
Серуен	**Жақын ортадағы заттарды бақылау**. Әңгіме: балалардың танымдық қызығушылықтарын дамытуды жалғастыру; қоршаған орта тірі табиғат туралы түсінік қалыптастыру./құстар, ағаштар/ «Құстар ұшады» қимылды ойыны Мақсаты: әр түрлі жүгіруді дамытуды жалғастыру, өз үйін табу, сигнал бойынша әрекет ету; кеңістікте бағдарлау білу. Еңбек қызметі: ағаштарды суару,құстарды тамақтандыру **/қоршаған орта, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру/**	**Күнді бақылау** Әңгіме: күн жарқыраған кезде сыртта жылы болады деген түсінік қалыптастыру; қуанышты көңіл-күйді сақтау. Көркем сөз: «Күн» жаттау «Жел мен жапырақ» қимылды ойын Мақсаты: бір-бірімен соқтығыспай жүгіруді үйрету; қимыл белсенділігін дамыту. Еңбек қызметі: учаскедегі еңбек: тас жинау. **/қоршаған орта, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет,экологиялық тәрбие/**	Ауаны бақылау «Ауа қасиеті туралы түсінікті анықтау және кеңейту» әңгімелесу Мақсаты: жансыз табиғат құбылыстарына қызығушылықты арттыру; құрдастарымен ойын қарым-қатынасына қосылуға ынталандыру. Ауаның иісіне, түссіз екеніне зерттеу жасау «Ұядағы құстар» қимыл-қозғалысты ойын Мақсаты: қозғалыс белсенділігін дамыту, кеңістікте бағдарлауды үйрету. Еңбек қызметі: учаскедегі еңбек, бұтақтар жинау **/қоршаған орта, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет,зерттеу әрекеті/**	Ағаштарды бақылау. «Балаларды туған өлке ағаштарымен таныстыруды жалғастыру» Мақсаты: ағаштарға деген сүйіспеншілікті ояту, оларды қорғауға деген ұмтылыс. Ағаштардың жапырақтарын бақылау Ағаштарды бірнеше тік және көлденең сызықтар арқылы салу. Қимыл-қозғалысты ойын: «Ағаштар өседі» Еңбек қызметі: құраған ағаш сабақтарын теру, ағаштарға су құю **/қоршаған орта, сурет салу, дене шынықтыру/**	Күзгі жапырақтың түсуін бақылау Күздің ерекшеліктері туралы білімдерін толықтыра отырып, жапырақтардың күн сайын түсіп азайып бара жатқандығын, түсінің өзгерісін айту. Көркем сөз: Ол көктемнен бұтақта ілініп тұрды, Жап-жасыл еді - сарғайды, Сәл ғана жел соғып еді, Жерге үзіліп түсті. Шашылып жатқан жапырақтарды теріп, күн құрастыру «Кім жылдам?» қимыл-қозғалысты ойын **/қоршаған орта, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет,құрастыру/**
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру.				

Түскі ас	Ас ішер алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін жетелдіру, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотрикаңы дамыту)**				
	Ертегі оқу «Жеті лақ» көркем әдебиет	Баяу музыка әуені /музыка/	Күй қосу /біртұтас тәрбие/	Ертегі оқу «Жеті лақ» көркем әдебиет	Күй қосу /біртұтас тәрбие/
Біртіндеп ояну	Көзімізді ашайық, Бойымызды жазайық. Қолымызды созайық, Жаттығулар жасайық. Жалпы жетілдіру жаттығуы: 1. Балалар төсекте жатып, бастарын оңға, солға бұрады. 2. Балалар төсекте жатып, қолды екі жаққа созу, жұдырықтап жұму. 3. Балалар төсекте жатып, велосипед тебу.	Әдемі ирек жолдармен Лақтарша біз ойнақтап Тастан - тасқа секіріп Жалаң аяқ жүреміз. Табанға біз нүктелі Массаж жасау білеміз. Бірге секірейік. Бірге созылайық. Бірге қолымызды созайық. Бірге еңбектейік. Бірге тіземізді ұстайық.	1. Велосипед жаттығуы. Қол мен аяқты жоғары көтеріп. аяқты кезекпен сермеу. 2. Қайық жаттығуы. Ішпен жату, қолдар иектің астында. Жоғары тартылып, еңкею, тербелу.	Әдемі ирек жолдармен Лақтарша біз ойнақтап Тастан - тасқа секіріп Жалаң аяқ жүреміз. Табанға біз нүктелі Массаж жасау білеміз. Бірге секірейік. Бірге созылайық. Бірге қолымызды созайық. Бірге еңбектейік. Бірге тіземізді ұстайық.	Көзімізді ашайық, Бойымызды жазайық. Қолымызды созайық, Жаттығулар жасайық. Жалпы жетілдіру жаттығуы: 1. Балалар төсекте жатып, бастарын оңға, солға бұрады. 2. Балалар төсекте жатып, қолды екі жаққа созу, жұдырықтап жұму. 3. Балалар төсекте жатып, велосипед тебу.
Бесін ас	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылды,ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел-үсті және басқа ойындар,	«Балабақша» Әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыру,күнделікті жиі қолданылатын сөздер балабақша,	«Дүкен» сюжеттік-рөлдік ойыны Мақсаты: сатушы мен сатып алушының іс-әрекеттерімен таныстыру, қоғамдық жерде мінез-құлық	«Отбасы» сюжеттік-рөлдік ойыны Мақсаты: балалардың сөздік қорын ана,әке,ата,апа сөздерімен толықтыру.	Ойыншықтарды пішіні бойынша топтастыруға үйрету,олардың санын анықтау /**математика негіздері/**	«Ермексазбен жұмыс жасау» ермексазды илеп, әртүрлі ойынқыштар жасап, балалардың саусақ бұлшықеттері жетіледі.

бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және т. б.)	үй,есік,терезе, сөздерін еске түсіру **/қазақ тілі,құрастыру/**	мәдениетін үйрету, тыныштықты сақтау, кезек. /көркем әдебиет/ «Эмоцияны тап» дидактикалық ойыны Мақсаты: адамның көңіл-күйін эмоциялармен анықтау қабілетін қалыптастыру **«Менің көңіл күйім»** Өзінің көңіл күйін қағазда жапсырып,құрастырып ,, бояп, ермексаздан мүсіндеп көрсету	«Үстелді жабдықтау» дидактикалық ойыны Мақсаты: үстелді әдемі жабдықтауға үйрету **./қазақ тілі/**		
Балалармен жеке жұмыс	Балаларды дұрыс тамақтануға және жеке гигиенаға үйретуды жалғастыру Д.Ертуганова, А.Метеубек, О.Мұратбек	Балалардың бір-бірімен ойнауына жағдай жасау А.Серикжан, А.Тургали	Өзінің келетін балабақшасы туралы айтуға үйрету А.Метеубек, И.Канабек, А.Руслан	Балаларды ересектерді тануға және атын атауға үйретуды жалғастыру С.Бауыржанұлы, Т.Бағлан	Баланың тобы және ондағы ойыншықтары туралы айта білууге машықтандыру Д.Ертуганова, А.Тұрсынқұл, А.Метеубек
Серуендеуге дайындық	Киіну реті туралы жеке әңгімелер. Серуендеуге деген қызығушылықты ынталандыру				
Серуен	Торғайды бақылау Әңгіме: Торғайдың сыртқы түрінің ерекшеліктері туралы білімді тереңдету; балалардың назарын және жадын белсендіру.	Жақын ортадағы заттарды бақылау. Әңгіме: балалардың танымдық қызығушылықтарын дамыту; жақын ортадағы заттар	Желді бақылау Әңгіме: желдің күшін анықтауға үйретуді жалғастыру; балалардың жансыз табиғат туралы білімдерін кеңейту.	Тірі табиғатты бақылау Әңгіме: учаскені айналып өтіп, онда қандай ағаштар, бұталар өсетінін қарау, атау; оларда күздің басталуының белгілерін	Ауа-райын бақылау Әңгіме: бүгінгі ауа райы туралы әңгімелесу, серуенде ауа-райын өзіңіз бақылап, соңында ол

	«Құстар мен жаңбыр» қимылды ойыны Еңбек әрекеті: құстарды тамақтандыру **/сөйлеуді дамыту, қоршаған орта, дене белсенділігі/**	туралы түсінік қалыптастыру. Қимылды ойын: «Қоян мен қасқыр» Мақсаты: жаңа ойынмен таныстыруды жалғастыру, балалардың қимыл белсенділігін дамыту Еңбек әрекеті: қоқыстарды теру **/сөйлеуді дамыту, қоршаған орта, дене белсенділігі/**	«Жел ұшырды» қимылды ойыны Мақсаттары: тәрбиешінің командаларын тыңдауға үйрету; зейінді дамыту Еңбек әрекеті: аула сыпырушыға көмектесу **/сөйлеуді дамыту, қоршаған орта, дене белсенділігі/**	анықтау; түрлі-түсті жапырақтарға таңдану; жер жамылғысын қарап, шөптің әлі жасыл екенін, көптеген күзгі гүлдер, шөптің кейбір жерлерінде құлаған жапырақтар бар, олар ашық түсті (сары, қызыл). Қимылды ойын: «Қоян мен қасқыр» Мақсаты: жаңа ойынмен таныстыруды жалғастыру, балалардың қимыл белсенділігін дамыту Еңбек әрекеті: жапырақтарды теру, олардан түрлі заттар құрастыру **/сөйлеуді дамыту, қоршаған орта, құрастыру,дене белсенділігі/**	туралы сөйлесу; күнтізбеде белгілеу. «Аңшылар» қимылды ойыны Еңбек әрекеті: ағаштарды суару **/сөйлеуді дамыту, қоршаған орта, дене белсенділігі/**
Балалардың үйге қайтуы	Балаларға қандай ойыншықтар зиян кеңес беру.	Балаңыз үйде өз ойыншықтарын жинай ма? Әңгімелесу.	Баламен бірге ойнау, баланың көңілін табу тақырыбында әңгімелесу	Баланы еңбекке тәрбиелеу әңгімелесу	**Өнегелі-15 минут** Мабильді кітапхана орталығында ата-аналармен кітаптарды көруге, алып оқуға мүмкіндік беру, ата-ананы балабақша жұмысына тарту, бала мен ата-ана қарым-қатынасын арттыру **/біртұтас тәрбие/**

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Жеке мекеме «ABC childcare» балабақшасы
Топ: «Ботақан» ортаңғы тобы
Балалардың жасы 3 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі 23-27 қыркүйек 2024 жыл

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл,бейнелеу, дербес және басқалары)	«Болады-болмайды» дидактикалық ойыны Мақсаты: қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережесін нақтылау және бекіту; қоғамдық орында өзін дұрыс ұстай алатын адамдарға құрмет көрсетуге тәрбиелеу;	«Түйме қадау» дидактикалық ойыны Мақсаты: балалардың қол моторикасын дамыту **(құрастыру)** «Сиқырлы кілем» Кілемнің бөлшектерін,пішінін атауға дағдыландыру, балаларда эстетикалық	«Кімге жұмысқа не керек» дидактикалық ойыны Мақсаты: балабақша қызметкерлерінің қызметі және оларға қажетті құралдар туралы түсінігін нақтылау **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**	«Бөлме өсімдіктеріне жасыл десант» (гүлдердегі құраған жапырақтарды алып тастау) Мақсаты: балаларды бөлме өсімдіктердің жай-күйі бойынша оларға күтім жасау үшін қандай іс-	Үй жануарлары мен олардың төлдері /қой,ешкі,сиыр,жылқы/ туралы суреттерді қарау, атауларын атату **(қоршаған ортамен танысу,сөйлеуді дамыту)** **Шығармашылық жұмыс:**

	оларға еліктеуге деген ұмтылысты ояту **(қоршаған ортамен танысу,қауіпсіздік)** Балалардың қызығушылығы бойынша үстел ойындары: лото, домино, Дьенеш блоктары, Кьюзенер таяқшасы Мақсаты: балалардың интеллектуалды қабілетін, логикалық ойлауын дамыту,бірізділікпен беттестіру, үлгі бойынша құрастыру машықтарын жетілдіру **(құрастыру, математика негіздері)**	талғамды дамыту; әртүрлі қазақтың ұлттық ою-өрнектерін орналастыру арқылы қарапайым өрнек жасауға үйрету; **(сөйлеуді дамыту, математика негіздері,ұлттық құндылық, жапсыру)**	Дидактикалық ойын «Сәйкестендір» д/о Шарты балалар қажетті құралдармен иесін сызық арқылы сәйкестендіріп қосады. Асхана құралдарын бояту, қиам қағаздардан жапсыру **/сурет салу,жапсыру/**	әрекеттер қажет екенін анықтауға үйрету (суару, тазарту, қопсыту, азықтандыру); (**экологиялық тәрбие**) **Шығармашылық жұмыс: «Түрлі түсті гүлдер»** Жапсыру, құрастыру, мүсіндеу, сурет салу	Үй жануарларын қима қағаздардан құрастыру, жетіспейтін бөлшектерін қағаздан қиып жапсыру, төлдерін бояу, ермексазды қағаз бетіне жаю арқылы мүсіндеу **/жапсыру, сурет салу, мүсіндеу,құрастыру/**
Ертеңгілік жаттығу	«Аяқ сәл алшақ, қол иықта алға, артқа есу. Қолды алға созып, қайшылау. Сағаттың тіліндей иіліп оңға бір, сағаттың тіліндей иіліп солға бір Аяқ сәл алшақ, тізелері түзу, аяқтың ұшына қол тигізу, БҚ қа келу. Қоян секіреді, ат шабады, құс ұшады,	«Аяқ сәл алшақ, қол иықта алға, артқа есу. Қолды алға созып, қайшылау. Сағаттың тіліндей иіліп оңға бір, сағаттың тіліндей иіліп солға бір Аяқ сәл алшақ, тізелері түзу, аяқтың ұшына қол тигізу, БҚ қа келу. Қоян секіреді, ат шабады, құс ұшады,	Аяқ бірге, қолдарын алға созу, жоғары көтеру, жанға созу Қол белде, оңға, солға иілу. Отырайық жүрелеп, Гүлді үзіп алайық. Орнымыздан түрегеп Басқа гүлге барайық. Қолдары белде. Оң аяқпен бес рет, сол аяқпен бес рет секіру Қолдары иықта.Алға, артқа есу.	Аяқ бірге, қолдарын алға созу, жоғары көтеру, жанға созу Қол белде, оңға, солға иілу. Отырайық жүрелеп, Гүлді үзіп алайық. Орнымыздан түрегеп Басқа гүлге барайық. Қолдары белде. Оң аяқпен бес рет, сол аяқпен бес рет секіру Қолдары иықта.Алға, артқа есу.	«Аяқ сәл алшақ, қол иықта алға, артқа есу. Қолды алға созып, қайшылау. Сағаттың тіліндей иіліп оңға бір, сағаттың тіліндей иіліп солға бір Аяқ сәл алшақ, тізелері түзу, аяқтың ұшына қол тигізу, БҚ қа келу. Қоян секіреді, ат шабады, құс ұшады, аю қорбаңдайды, адам жүреді

	аю қорбаңдайды, адам жүреді	аю қорбаңдайды, адам жүреді	Кілемге жату, аяқты созу, қайшылау, түсіру. Саппен жүріп өту. «Денсаулығым керемет, жаттығуға рахмет»	Кілемге жату, аяқты созу, қайшылау, түсіру. Саппен жүріп өту. «Денсаулығым керемет, жаттығуға рахмет»	
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін жетелдіру, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту. «Бата» беруге баулу**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	«Адам еңбегі» балаларды Адам еңбегімен таныстыру; балаларға еңбек өте маңызды екенін, бір-бірімізге көмектесуіміз керек екенін көрсету Өленді жаттау Әлемде не бар Ең бастысы, Ең керекті, Ең даңқты? Ол не? Оның аты не? Әрине, бұл еңбек! **/көркем әдебиет/** «Не қажет?» ойыны Шарты: балалар еңбеке ету үшін қандай құралдар қажет екенін атап, тауып, тақтаға жапсырады. **/жапсыру/**	Дидактикалық ойын «Кімге онсыз оларсыз болмайды?» Мақсаты: балалардың әртүрлі кәсіптердегі адамдарға қажетті материалдар, құралдар мен жабдықтар туралы білімдерін бекіту; кәсіптердің атауын қазақ тілінде айтқызу. **«Кімнің заты?» топтастыру ойыны (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**	«Мамандықтар» Мамандық атауларын қайталату, қажетті құралдарын атату Дәрігер заттарын қима қағаздарды біріктіру арқылы құрастыру,аспазшының дүкеніндегі тәтті тоқаштарды ермексаздан мүсіндету **/қазақ тілі, құрастыру, мүсіндеу/**	Тәулік бөліктерін /таңертең, күндіз,кеш, түн/ атауды меңгерту және суретпен сәйкестендіріп белгілеу **/математика негіздері/**	Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін толықтыра отырып, олардың дауыстарын ажыратуға машықтандыру, адамға тигізетін пайдасын айту, оларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу «Не қалай дауыстайды?» ойыны **/қазақ тілі/** Үй жануарларын оң жақтан сол жаққа, сол жақтан оң жаққа қарай ауыстырып қоюды меңгерту **/математика негіздері/**

Кестеге сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру Жүру. Секіру.** Бағытты өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіріп жүру, тұрған жерден ұзындыққа секіруді дамыту Ойын: «Көжектер» Құралдар: түрлі-түсті доптар, құрсаулар, шығыршықтар **Музыка** Музыкалық есту қабілеттерін арттыру, әуен қимылы арқылы күз дыбыстарын аңғару.Ән тыңдау: «Күз тамаша» Ән үйрену: «Көбелек» 1-ші шумағы Ойын: «Жапырақтармен жүру» Үйренген әндерді қайталау Қағаздан қиылып жасалған жапырақтармен басып жүру.	**Дене шынықтыру Жүгіру. Еңбектеу.** Шеңбер бойлап, тоқтай қалып жүгіруді меңгерту,арасы алшақтанған заттар арасымен еңбектеуді жалғастыру Ойын: «Қуыршақтарға қонаққа барамыз»	**Дене шынықтыру Жүру. Велосипед тебу.** Сапта бір-бірден жүру, үш дөңгелекті велосипед тебу дағдыларын жетілдіру. **Ойын: «Қоңырау қай жақтан естіледі?»**	**Қазақ тілі Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік** Балаларды қарапайым қауіпсіздік ережелерінің қазақша атауларымен таныстыру, жаңа сөздерді жаттату. Сөздік қорларын үй,есік,терезе сөздерімен молайту.ауызекі байланыстырып сөйлеуді дамыту**/сөйлеуді дамыту/**	
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Серуенге қызығушылық туғызу. Балалардың өз-өзіне қызымет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. Достарына көмектесу дағдаларын жетілдіру. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).**				

Серуен	Құстарды бақылау Мақсаты: жыл құстары (тырна, қарлығаш, үйрек) туралы түсініктерді нақтылау; сәбилердің сөздігін белсендіру: диалогтық сөйлеуді дамыту; сүйіспеншілікке тәрбиелеу туған өлкенің табиғаты. Еңбек қызметі: бұтақтарды жинау Мақсаты: балаларда ересектерге көмектесуге деген ұмтылысты тәрбиелеу. «Тырна, құтан» қимылды ойыны. Мақсаты: мотор белсенділігін дамыту; бір-бірімен соқтығыспай жүгіруді үйрету; зейінді дамыту, ептілік. Шығарылатын материал: қалақша, кішкентай ойыншықтар, спорттық шеңбер **(қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)**	«Алтын» күз кезеңіндегі туған өлкенің табиғатын бақылау Мақсаты: балалардың Алтын күз туралы түсініктерін нақтылау; эмоционалды сезімтал жинақтау тәжірибе. Еңбек қызметі: ауладағы еңбек: бұтақтарды, құрғақ жапырақтарды жинау, жолдарды сыпыру. Мақсаты: балаларда ересектерге көмектесуге деген ұмтылысты тәрбиелеу. «Күн мен жаңбыр» қимылды ойыны Мақсаты: балалардың тәрбиешінің сигналы бойынша қимылдарды орындау қабілетін дамыту; алаңда өз орнын табу; шеңбер бойымен жүруге жаттығу. Шығарылатын материал: кішкентай ойыншықтар, спорттық шеңбер **(қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)**	Жүргізушінің жұмысын бақылау Мақсаты: жүргізушінің жұмысымен таныстыру; Ересектердің еңбегіне оң көзқарасқа тәрбиелеу, Еңбек қызметі: ойыннан кейін ойыншықтарды жинау Мақсаты: балаларда ересектерге көмектесуге деген ұмтылысты тәрбиелеу. «Тырна, құтан» ашық ойыны. Мақсаты: мотор белсенділігін дамыту; бір-бірімен соқтығыспай жүгіруді үйрету; зейінді дамыту, ептілік Шығарылатын материал: кішкентай ойыншықтар, спорттық шеңбер, шарлар **(қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)**	Бұлтты бақылау Мақсаты: табиғи құбылыспен таныстыру; қоршаған ортадағы су жағдайының әртүрлілігін көрсету; іске шығармашылық көзқарасты қалыптастыру. Еңбек қызметі: ауладағы түскен жапырақтар мен басқа қоқыстарды жинау. Мақсаты: балабақша учаскесінде тәртіпті сақтауға үйрету. «Торғай мен автомобиль» қимылды ойыны Мақсаты: әр түрлі жүгіру бағыты бойынша бір-біріне соқтығыспау, өз үйшігін табу, сигнал бойынша әрекет ету. Шығарылатын материал: кішкентай ойыншықтар, спорттық шеңбер, доптар, шелектер. **(қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)**	Шыршаны бақылау Мақсаты: шыршаның басқа ағаштардан ерекшеленуі мүмкін ерекшеліктері туралы түсінік қалыптастыру; табиғатқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Еңбек қызметі: түрлі-түсті жапырақтарды жинау Мақсаты: қарапайым тапсырмаларды өз бетінше орындауға ынталандыру. «Жапырақ, маған ұш» қимылды ойыны Мақсаты: тәрбиешінің белгісі бойынша тез әрекет етуге, бір-біріне көмектесуге үйрету. Шығарылатын материал: қалақша, кішкентай ойыншықтар, спорттық шеңбер, ағаштардан алынған қағаз жапырақтары **(қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)**

Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру.				
Түскі ас	Түскі ас уақыты келді, Үстелге отырайық. Қасық пен нанды ал – Тезірек тамақтан. Тәбетпен жейміз, Үлкен болып өскіміз келеді Мақсаты: дастархан басында мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, ас қасық пен шай қасықты, майлықты дұрыс пайдалану				
Түскі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жату. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**				
	Аю мен піл де ұйықтайды, Қоян ұйықтайды және кірпі. Барлығы ұйықтауы керек, Біздің балалар да. Баяу музыка (музыка)	**«Балалар кітапханасы»**Ертегі оқу «Түлкі мен қоян» /көркем әдебиет/	Күй қосу /біртұтас тәрбие/	Баяу музыка әуені	Баяу музыка әуені
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Біз жайлы демалдық, Тәтті түс көріп ұйықтадық… Бізге демалған жақсы! Бірақ тұратын уақыт келді! Жұдырықты түйеміз, Екі қолды жоғары көтереміз. Созылайық! Күлімдейік! Көзді ашып, тұрыңдар! Кереуетте түзету гимнастикасы.	Ұйқыдан кейінгі гимнастика. Массаж жолымен жүру. Мақсаты: ұйқыдан белсенді әрекетке ыңғайлы ауысу.	**Мысық.** Терезенің қасында, Орындықты тауып ап, Мысық ұйықтап жатады, Оян, қане мысығым, Жаттығуды жасайық. Бір бүйірден екінші бүйірге аунау.	Орындықта отырып, қолмен кернейді қысып, ауызға қарай жоғары көтеру. «п-ф-ф-ф» дыбысын қатты айтып баяу дем шығару. 4-5 рет қайталау	Тыныс алу жаттығулары: «Кернейші». Мақсаты: суық тию мен жоғарғы тыныс жолдарының ауруларының алдын алу.

Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс. Ұқыптылық дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру. Асхана құралдарының атауын қазақ тілінде айту (ложка – қасық, тарелка-тәрелке, кружка-пиала, нож – пышақ)				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылды,ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел-үсті және басқа ойындар, бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және т. б.)	Ыдыстарды көлеміне, пішініне сәйкес салыстыру **/математика негіздері/** Ыдыстардың суретін салу, бөлшектерді орналастырып құрастыру,жетпеген ыдыс бөлшектерін ермексазбен толықтыру **/сурет салу,құрастыру, мүсіндеу/**	**«Құыршаққа арналған кәмпит»** шығармашылық шеберханасы Мақсаты: мүсіндеу әдістерін меңгерту (үзіп алу, домалау, тегістеу); саусақтардың ұсақ моторикасын және шығармашылық қиялын дамыту **(мүсіндеу)**	«Схема бойынша үй салу» дидактикалық ойыны (Кьюзенер таяқшасы) Заттардың бір тобын екіншісіне бірізділікпен беттестіру және қосу дағдыларын арттыру **/математика негіздері/**	«Бағбан» жаттығуы Мақсаты: қиялды, қимылдардың мәнерлілігін дамыту **(көркем әдебиет)**	Жеті лақ ертегісі бойынша лақтарды қасқырдан құтқару ойынын ұйымдастыру «Түсі бойынша сәйкестендір» Мақсаты: Балалар асықтардың түстерін ажыратып, сәйкестендіріп, орналастырады.Ойлау қабілетін арттырып, шапшаңдыққа үйрету
Балалармен жеке жұмыс	«Гигиена ережелері» Мақсаты: мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру (киіну, жуу, тарау); бұл қимылды мимика мен қимылдың көмегімен көрсету қабілетін қалыптастыру Д.Нұрболат, С.Әліби, А.Тургали	«Мен кіммін» Мақсаты: адам денесінің бөліктерін дұрыс атай білуге, қыздар мен ұлдарды ажырата білуге үйрету Қ.Ермек, Д.Таңатар	«Күн қояны» Мақсаты: қарапайым сөз тіркестерін атауға үйрету К.Жомарт, Т.Дүйсенхан, А.Метеубек	«Ұқсас заттарды тап» Мақсаты: пішіні,түсі бойынша бірдей заттарды тапқызуды жетілдіру Е.Ақжан, Т.Бағлан, И.Канабек	«гүлге күтім жасау» бақылау жасату Д.Нұрболат, М.Найман, А.Серікжан
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотористі дамыту)**.				

Серуен	**Күз мезгілін бақылау** **Мақсаты:** балаларға күз мезгілі туралы түсінік беру. **Еңбек:** Учаскедегі шашылған ағаш бұтақтарын жинату. **Мақсаты**: Еңбекке баулу. *(еңбек қызметі)* **Көркем әдебиет** «Күз» Берекесін сыйлауға Өлкемізге күз келді. Жемістерін жинауға Шақырады біздерді. **Қимылды ойын.** «Кептерді қуып жет» **Мақсаты:**Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру. Еркін ойындар.	**Бұлтты бақылау** **Мақсаты:** балаларға бұлттың неге ұқсайтынын, қай бағытқа көшіп жатқанын бақылатып әңгімелеу. **Еңбек:** Учаскедегі шашылған жапырақтарды жинату. **Мақсаты**: Еңбекке баулу. (еңбек қызметі) **Көркем әдебиет** «Бұлт» Қ. Әлімқұлов Түрленді дала, бау-бақша, Құлпыра қалды тау жақта. Қара бұлтты жел қуып Жөнеп берді аулаққа. **Қимылды ойындар.** «Түсті автокөліктер» Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау. Еркін ойындар	**Құстарды бақылау** **Мақсаты:** Күзгі құстардың өмірі жайлы түсінік беру. **Көркем сөз**: «Суық торғай» (С. Қалиев) Торғай-торғай тоңдың ба, Қарап қойып жай ғана, Тұра алмайсың орныңда? Жем іздейсің айнала. Бір қонасың, бір ұшып, Үйге кірші, торғайым, Отырасың бүрісіп. Мен аяздан қорғаймын **Еңбек**: Құстарға жем шашу. **Мақсаты:** Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. (еңбек әрекеті) **Балалармен жеке жұмыс:** балаларға өздері білетін құстар туралы тақпақтар айтқызу. **Қимылды ойын**. «Ақ қоян» Еркін ойын	**Ағаштардан желмен ұшып түсіп жатқан жапырақтарды бақылау.** **Мақсаты:** Жапырақтардың ағаштардан қалай түскенін бақылап, әдемі жапырақтардың айналаға қалай сән беріп тұрғанын әңгімелету. **Еңбек**: Шашылған жапырақтар қалдықтарын жинау. **Мақсаты:** еңбекке баулу. *(еңбек қызметі)* **Көркем сөз:** Ертегі оқып беру «Ағаштар ұйықтайма?» **Қимылды ойын**. «Қасқырлар мен лақтар» Еңбек әрекеті	**Құмдағы іздерді бақылау** Мақсаты: Учаскелердегі құмдағы іздердің кімнің ізі екенін айыра білуге үйрету. Өз іздерін бір-бірімен салыстыру. **Еңбек:** Құм салғыштағы құмды күрекшелерімен көтеру. **Мақсаты:** еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. (еңбек қызметі) **Жұмбақ:** Жиып-теріп болатын, Қамбаға астық толатын, Қызыл қырман ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың? (Күз) **Қимылды ойын**. «Жапалақтар» Еркін ойын
Балалардың үйге қайтуы	**Өнегелі-15 минут** Мабильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, суреттерді қарауға мүмкіндік беру, ата-ананы балабақша жұмысына тарту, бала	«Күзде баламен бірге серуендеу» кеңес	Балаға топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таянуштан	Тұмаудан сақтану әңгімелесу	Баланың жетістігі туралы айту

	мен ата-ана қарым-қатынасын арттыру		ұстау туралф үйде айтуды ескерту		

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Жеке мекеме «ABC childcare» балабақшасы
Топ: «Ботақан» ортаңғы тобы
Балалардың жасы 3 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі 21-24 қазан 2024 жыл

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
	балалармен қарым-қатынас жасау және жақсы көңіл-күй қалыптастыру ойындары. **Күй күмбірі** -балаларды қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын артыру**./біртұтас тәрбие,музыка/**				
Балаларды қабылдау	«Маған сенің ... ұнайды» ойын техникасы. Мақсаты: позитивті өзін-өзі бағалауды қалыптастыру, бір-бірінің жағымды қасиеттерін көре білу /сөйлеуді дамыту/ «Менің Қазақстаным» әнұран айту **/біртұтас тәрбие/**	Шаттық шеңбер «Шын жүректен» Ән салуға барамыз, (шеңбер бойлай жүреді) Досымызды табамыз. (тоқтайды) Сәлемет пе! Міне мен! (қолдарын екі жаққа сермейді) Доспын енді сенімен! (көршілерімен қол алысады) **/көркем әдебиет/**	Шаттық шеңбер «Қайырлы күн!» Жарқырап күн де ашылады, Айналаға нұр шашылады. Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз! Қайырлы күн! Біз сүйкімді баламыз! **/көркем әдебиет/**	Көңілді шеңбер Балалар шеңбер жасап отырады. Бір – біріне мұқият қарайды. Жүргізуші белгі бергенде балалар көздерін жұмады. Сол кезде жүргізуші отырған балаларға әр түрлі заттарды қыстырып қояды.(гүл, оамал, көзілдірік т.с.с.). Балалар көздерін ашқанда не өзгерді? – деп сұрайды. Ең зейінді балаға сыйлық беруге болады. **/дене шынықтыру/**	25 қазан Республика күні!
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру.	Балалардың денсаулығы, үйдегі көңіл күйі, тамақтануы туралы ата-аналармен әңгімелесу.	Балалардың өзін қалай сезінуі туралы ата-аналармен әңгіме.	«Егер бала жиі ауырса». Ата-аналарға кеңес беру	**Әнегелі-15 минут** бильді кітапхана рталығында кітаптар көруге, суреттерді қарауға мүмкіндік беру, ата-ананы балабақша жұмысына тарту, бала н ата-ана қарым-қатынасын арттыру	
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық,	«Күзгі табиғат» суреттер,альбомдар қарау	күз туралы жұмбақтар шешу, сөздік қорын белсендіру, ермексаздан бұлт пен жаңбыр	«Күз әлеміне саяхат» ойын жаттығуы Мақсаты: күздің белгілерін толықтыру;	«Себет» Балалар жемістер мен көкністердің муляждарын екі	

коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл,бейнелеу, дербес және басқалары)	«Күзгі жапырақ» саусақ гимнастикасы 1,2,3,4,5 Біз жапырақ жинаймыз (бас бармақтан бастап саусақтарды бүгу, жұдырыққа қысу және ашу): Қайың жапырағын, Шетен жапырағын, Терек жапырағын, Көктерек жапырағын, Емен жапырағын Біз жинаймыз. (бас бармақтан бастап саусақтарды бүгу) Анамызға күзгі гүл шоғын аламыз. (Саусақ бірге гүл шоғын ұстап тұрғандай көрсетіледі.) (көркем әдебиет)	тамшыларын мүсіндеу **(сөйлеуді дамыту,мүсіндеу).** «Ғажайып себет» дидактикалық ойыны Мақсаты: жемістер мен көкөністерді қима қағаздардан құрастырып, себетке екі бөлек жинастыру **(құрастыру)**	«Не артық?», «Суретші қатесін тап» ойыны дидактикалық ойыны **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**	себетке бөліп жинастырады» **/қоршаған ортамен таныстыру/** «Сиқырлы қарандаштар» Мақсаты: балалардың сурет салу техникасын жетілдіру. Балалар қарандашпен өздері ұнататын жеміс немесе көкөкіс суретін салады. **/сурет салу/**	
Ертеңгілік жаттығу	«Маған қарай жүгіріңдер» ойыны.Топтасып бір бағытта жүгіреді. «Торғайлар болып ұшайық»: жан жаққа жеңіл жүгіреді. Тәрбиешінің көмегімен шеңбер жасап тұрады.	Сапта тұрып, бірінен кейін бірі тізіліп жүру, жүгіру, аяқ ұшымен жүру. Шеңбер жасап тұру Тік тұрып, қолды алға, жоғары, жанға созу,төмен түсіру. Екі қолды жайып,	Тәрбиешінің артынан шеңбер бойында жүру, жеңіл жүгіру, бірінің артынан бірі тұру. Қоянша секіру, аюша қорбаңдау, құсша қанат қағу. Шеңбер құрып тұру. Басымен оңға, солға,	«Маған қарай жүгіріңдер» ойыны.Топтасып бір бағытта жүгіреді. «Торғайлар болып ұшайық»: жан жаққа жеңіл жүгіреді. Тәрбиешінің көмегімен шеңбер жасап тұрады.	

	Шеңбер бойында жүру, жеңіл жүгіру, «қоянша» секіру. Тік тұрып қолды алға созу, тік тұрып қолды жоғары созу «Құстай қанат самғайық» жаттығуы Тік тұрып, қолды бүйірге қойып,аяқты алшақ етіп тұрып оңға және солға иілу. Аяқтың ұшымен шеңбер бойы жеңіл жүру. Тәрбиешінің артынан жеңіл үйіріліп жүгіру.	көбелекке ұқсап ұшу, бір орында ақырын айналу, қону. Қоянша секіру, аюша қорбаңдау. «Балапандар жем шоқыды» жаттығуы: Отыра қалып саусақтарымен еденді тырсылдату Дем алып, дем шығарып, жай жүріспен шеңбер бойы жүру	алға, артқа иілу. Қолдарын алға, жоғары көтеріп, төмен түсіру. Аяқ алшақ, екі қолдарымен бүйірлерін таянып алып оңға, солға иілу. «Денсаулығым керемет, жаттығуға рахмет!»	Шеңбер бойында жүру, жеңіл жүгіру, «қоянша» секіру. Тік тұрып қолды алға созу, тік тұрып қолды жоғары созу «Құстай қанат самғайық» жаттығуы Тік тұрып, қолды бүйірге қойып,аяқты алшақ етіп тұрып оңға және солға иілу. Аяқтың ұшымен шеңбер бойы жеңіл жүру. Тәрбиешінің артынан жеңіл үйіріліп жүгіру.	
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Кезекшілік ұйымдастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтқызу, бата беру.. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) (сөйлеуді дамыту)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	«Қай ағаштың жапырағы» дидактикалық ойын Мақсаты: сөздік қорын, есте сақтау қабілетін дамыту (сөйлеуді дамыту)	Ұзындығы мен ені ,биіктігі мен қалыңдығы бойынша екі қарама-қарсы заттарды салыстыру дағдыларын қалыптастыру (математика негіздері)	«Фигураны ал» дидактикалық ойыны Мақсаты: геометриялық фигураларды ажырата білу қабілетін бекіту **(математика негіздері)**	«Кім тезірек табады» дидактикалық ойыны Мақсаты: нысанды геометриялық үлгімен сәйкестендіру және нысандарды форма бойынша жалпылау **(математика негіздері)**	

Кестеге сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру** **Секіру,Тепе-теңдікті сақтау** Тұрған жерден ұзындыққа секіруді жетілдіру, еңіс тақта бойымен 20-30 см жүру дағдыларын қалыптастыру Ойын: «бақа». Мақсаты: секіруге жаттығу, тақпақ мәтініне сай қимыл жасауға үйрену. **Музыка** «Қолшатыр» әнімен кіру Қимыл-қозғалыс арқылы жаңбырдың дыбыстарын келтіру. Ән тыңдау:«Жау-жау, жаңбыр» Ән үйрену: «Көбелек» 2-ші шумағы Ойын: «Жапырақтар жинау» Сергіту сәті: «Менде де, сенде де...» Екі топқа бөліп себетке жапырақтар жинау. Музыка әуенімен балаларды сергітіп алу.	**Дене шынықтыру** **Домалату** Допты төменге домалату Ойын: «Допты қақпаға домалат». Мақсаты: үйлесімділік қабілетін жетілдіру,	**Дене шынықтыру** **Лақтыру** Допты екі қолымен көкірек тұсынан кері лақтыру. Ойын: «Допты қақпаға лақтыру». Мақсаты: үйлесімділік қабілетін жетілдіру,	**Қазақ тілі** **Менің дене мүшелерім** Балаларға дене мүшелері және олардың атқаратын қызметтері туралы түсінік бере отырып, бас,көз,мұрын,ауыз, тіл,тіс,ерін,құлақ, шаш,бет сөздерін қайталатып, сөздік қорларын толықтыру, қағазды қию, желімді жағы машықтарын арттыру «Суретті толықтыр» ойыны: балаларға суреттер беріледі, балалар дене мүшесінің қайсысы жетіспесе соны қиып жапсырып, толықтырады **/жапсыру/**	

Серуенге дайындық	Реттілікпен киіну қабілетін қалыптастыру. Денсаулық құндылығы туралы түсінігін дамыту, ауырмауға деген ұмтылысты қалыптастыру				
Серуен	Суды бақылау. Мақсат-міндеттері. Балалардың суды ұқыпты пайдалану туралы түсініктерін қалыптастыру. Судың қасиеттері туралы білімдерін нығайту, температурасы әртүрлі болатынын айту, суда кейбір заттар батып кетеді, басқалары судың бетіне шығады. Бақылау барысы: балалардың назарын судың қасиеттеріне аудару: сұйық, әртүрлі температурада болу мүмкіндігі (ыстық, суық). Су мөлдір, онда бәрі көрінеді. «ауызға су толтырамыз» ойыны (дене шынықтыру, қоршаған ортамен таныстыру/	Күнді бақылау Мақсаты: күн сәулесі түскен кезде сыртта жылы болады деген түсінік қалыптастыру; қуанышты көңіл-күйді сақтау. Еңбек қызметі: ойыннан кейін ойыншықтарды жинау Мақсаты: балаларда ересектерге көмектесуге деген ұмтылысты тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Күн мен жаңбыр» Мақсаты: балалардың тәрбиешінің сигналы бойынша қимылдарды орындау қабілетін дамыту; алаңда өз орнын табу; шеңбер бойымен жүруге жаттығу. (дене шынықтыру, қоршаған ортамен таныстыру/	Қоректену кезінде құстарды бақылау Мақсаты: құстарға қамқорлық жасауға деген ұмтылысты ояту; құстардың әдеттері туралы білімді қалыптастыру; табиғатқа деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу. Еңбек қызметі: түрлі-түсті жапырақтарды жинау Мақсаты: қарапайым тапсырманы өз бетінше орындауға ынталандыру. «Құтан, тырна» қимылды ойын Мақсаты: мотор белсенділігін дамыту; бір-бірімен соқтығыспай жүгіруді үйрету; зейінді, ептілікті дамыту ((дене шынықтыру, қоршаған ортамен таныстыру/	Жаңбырлы күн туралы сөйлесу Мақсат-міндеттері. Балаларды табиғат құбылыстарын сезіне білуге баулу; табиғи құбылыстары туралы білімді бекіту; жаңбырлы күні қажет заттарды еске түсіру. "Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру, қоршаған ортамен таныстыру/	
Серуеннен оралу	Баланы өзіне-өзі қызмет етуге ұмтылуға қолдау көрсету: белгілі бір ретпен киіну және шешіну, ұқыптылықты сақтау. Қолды сабынмен жуу дағдысын арттыру				

Түскі ас	Мәдени-гигиеналық дағдылар: ұқыпты тамақтану, тамақты тек қасықпен алу, тамақтану мәдениетін жақсарту; балаларды қасықты дұрыс ұстауға, төгілмей тамақ ішуге және ішуге үйрету, мұқият шайнау. Кезекшілік жұмысына үйрету				
Түскі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жату. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)**				
	Күй қосу	«Бесік жырын» тыңдату	«Жақсы жатып, жайлы тұр!» күй қосу	**«Балалар кітапханасы»** «Бауырсақ» ертегісін оқып беру **Көркем әдебиет**	
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандылықтың алдын-алу үшінтүрліжолдармен жалаңаяқжүруді дамыту. Тыныс алужолдарын шынықтыруды дамыту **(дене жаттығулар мен белсенділігі)** Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен олардытазалау,құрғату. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға, жинауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.**(мәдени-гигиеналық дағдылар**).				
Бесін ас	Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.Кезекшілер жұмысы **/мәдени гигиеналық дағдыларды дамыту**/				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылды,ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел-үсті және басқа ойындар, бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және т. б.)	«Отбасы» мазмұнды-рөлдік ойыны **(қоршаған оратмен таныстыру)**	«Көңілді аспаптар» Қима қағаздардан жапсыру /жапсыру/. «Музыкалық аспаптарды бояту» /сурет салу/ Музыкалық аспаптарда ойнау	«Саңырауқұлақ алаңы» Саңырауқұлақтар туралы түсінік қалыптастыру, дауыссыз к-қ дыбыстарының айтылуын қадағалау, жеуге жарамы және жарамсыз бөлінетінін айту **Топтық жұмыс:** «Саңырауқұлақ алаңы»	«Қай құс жоқ болды» дидактикалық ойыны Мақсаты: балаларды қыстайтын және қоныс аударатын құстармен таныстыру; балаларды таныс құстарды тануға және атауға үйрету; көрнекі есте сақтауды, зейінді дамыту;	

			(қазақ тілі, сурет салу,құрастыру,мүсіндеу жапсыру)	«Не жетіспейді?» дидактикалық ойын Мақсаты: қызығушылықты, эмпатияны тәрбиелеу; үйлесімді сөйлеуді дамыту. Тәрбиеші құстардың сұлбасын көрсетеді (тұмсығы, табаны, құйрығы жоқ) **/қоршаған орта, сөйлеуді дамыту/** Құстардың дайын суретін қима қағаздардан құрастыру, ермексаздан мүсіндету**/құрастыру, мүсіндеу/**	
Балалармен жеке жұмыс	Отбасы мүшелерінің әрекеттерін қайталату А.Руслан, О.Мұратбек, Д.Ертуганова	Шаршы және шеңбер туралы білімдерін толықтыру Т.Бағлан, Е.Ақжан, А.Агылбекова, А.Айбекқызы	Желімді дұрыс жағу, майлықты дұрыс пайдалану туралы білімдерін толықтыру Д.Ертуганлва, О.Мұратбек, А.Метеубек	Жұппен ырғақты қимыларды орындату А.Тұрсынқұл, Қ.Ермек, Т.Бағлан	
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау.	Балалармен жеке әңгімелесу.	Балаларды табиғатпен таныстыру.	Серуенге шығамыз деген нұсқаумен барлық балалар орындарына тұру.	
Серуен	**Қарға мен сауықанды бақылау** Қарға мен сауысқанның айырмашылықтарын	**Мысықты бақылау** Мақсат-міндеттері. Балалардың үй жануарлары, мысық жайлы білімдерін	**Жүргіншілерді бақылау** Балаларды көшеде жүрген жүргіншілерді	**Ағаштар мен бұталарды бақылау.** Ағаштар	

	айта білуге машықтандыру; құстар әлемі жайлы түсініктерін бекіту, өзіндік ерекшеліктері мен белгілерін тануға ынталандыру. Балалар сауысқанның дыбыстарын тыңдап, сыртқы пішініне қарап, өзге құстарға ұқсамайтынын байқайды**.** **Қимылды ойын.** «Сауысқанды қуып жет» **Мақсаты:**Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру. ***(қоршаған ортамен таныстыру, дене шынықтыру)*** Еркін ойындар.	нақтылау, сипаттау мәтінін құрастыра білуге машықтандыру; есте сақтау қабілеттерін, байқампаздықтарын дамыту; жан-жануарларды тануға қызығушылыққа, оларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу. Көркем сөз. Б. Соқпақбаев "Мысық". Үстінде үйдің Тұр еді мысық. Қасына келді Бір торғай ұшып. бассалмақ болып, Ыршыды мысық. Жалт берді торғай, Пыр етіп ұшып. Биіктен жерге Топ ете түсіп, Мысықтың қалды Жамбасы ісіп. **Еңбек**: мысықты тамақтандыру (еңбек әрекеті) **Қимылды ойын**. «Мысық пен тышқан» ***(қоршаған ортамен таныстыру, дене шынықтыру)*** Еркін ойын	бақылауға бейімдеу; ересек адамдар мен балалардың арасындағы ұқсастықтар, айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік жасау. "Көлік пен торғайлар" қимылды ойыны. ***(қоршаған ортамен таныстыру, дене шынықтыру)*** Еркін ойын	мен бұталардың тірі табиғат екені туралы білімдерін бекіту, табиғатты қорғауға тәрбиелеу. - Балалар, ағаштарға қарап не айтуға болады? - Тағы қандай өзгерістер болады? Ағаштар ауаны ластанудан тазалайды. Сол үшін адамдар ағаштарды көп отырғызады. «Өз ағашыңды тап» қимылды ойыны. Мақсаты Табиғатты аялауға тәрбиелеу; кеңістікті бағдарлауға машықтандыру; зерек болуға тәрбиелеу. "Допты қуып жетіңдер!" қимыл-қозғалыс ойыны. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту,дене шынықтыру)**	
Балалардың үйге қайтуы	«Күзгі кезеңде ЖРВИ алдын алу» кеңесі	**«Өнегелі 15 минут»** ересектермен және	«Балабақшада күн қалай өтті» жеке әңгімелер	Балаңыз ұялы телефоға әуес пе? әңгімелесу	

	Мақсаты: ата-аналарды балалардың денсаулығын сақтау және нығайту жөніндегі міндеттермен таныстыру.	балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Мабильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, алып оқыу, суреттерді қарауға, мүмкіндік беру.			

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Жеке мекеме «ABC childcare» балабақшасы
Топ: «Ботақан» ортаңғы тобы
Балалардың жасы 3 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі 28 қазан - 01 қараша 2024 жыл

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
	Күй күмбірі -балаларды қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын артыру**./біртұтас тәрбие,музыка/**				

Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл- күймен қарсы алу . «Әр түрлі көңіл-күй» ойыны. Мақсаты: қуанышты көңіл-күй, эмоционалды жауаптылық және бір-біріне құрметпен қарау. Әр бала сыпайы сөз айтады. **/қазақ тілі/**	«Мен сенің досыңмын және сен менің досымсың» ситуациялық ойыны Мақсаты: ұжымда достық қарым-қатынасты, сыйластықты, қайырымдылықты тәрбиелеу. **/Сөйлеуді дамыту**	Балаларды жақсы көңіл -күймен қарсы алу. Табиғатпен танысу Табиғат неткен көрікті, Жапырақтай жайқалып, Гүлдей жайнап өсеміз. Бір отырып, бір тұрып, Билеп-билеп аламыз. **/көркем әдебиет,қоршаған ортамен таныстыру,дене шынықтыру/**	«Шарик» психогимнастикасы Мақсаты: қысымды жеңілдету. «Желдің шуылын» тыңдау. «Жел қайдан пайда болады»әңгімелесу. Мақсаты: балаларға жел туралы айтуды ұсыну; желді салуға бола ма; байланысты сөйлеуді дамыту; қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру **/Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру/**	Қимылды ойын: «Ақ қояным» Мақсаты: Балаларға әртүрлі қимылдар жасату арқылы денелерін ширату, көңілдерін көтеру. **/дене шынықтыру/**
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс киіну»

Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл,бейнелеу, дербес және басқалары)	«Денсаулық әліппесі» дидактикалық ойын Мақсаты: Балалардың денсаулығы мен салауатты өмір салты туралы түсініктерін жүйелеу; сөйлеуді, зейінді, есте сақтауды дамыту. **«Қозғалысты есте сақта»** ойын жаттығуы Мақсаты: көрсетілген қимылды түсіну, есте сақтау және көбейту қабілетіне машықтану; қол-көз жадын, зейінін дамыту **(қоршаған ортамен таныстыру,** **дене шынықтыру)**	«Сүйіспеншілікпен қоңырау шал» ойын-сауық Мақсаты: балалардың құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау, ауызекі сөйлесуге машықтандыру **(қазақ тілі)** **«Дене бөліктері»** өзінің дене мүшелерін бағдарлау және соған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау, алдында-артында. Саусақ гимнастикасы Мақсаты: саусақ гимнастикасының көмегімен дене мүшелерінің атауын бекіту **(математика негіздері/**	Кітап бұрышындағы кітаптарды қарау, кітаптарға қызығушылықтарын ояту **/көркем әдебиет/**	Ойын бұрышындағы көліктерді түріне, түсіне , пішініне қарай топтастыру, бірдей ұқсас затарды салыстырту.Көліктер туралы білетіндерін сұрау. **/сөйлеуді дамыту,математика негіздері,қоршаған ортамен таныстыру/**	Күн тәртібіне сәйкес суреттерді қарату, баланың үйдегі күн тәртібі туралы айтқызу Күн тәртібіне сәйкес суреттерді бояту **/қоршаған орта, сурет салу/**
Таңертеңгі жаттығу	«Маған қарай жүгіріңдер» ойыны.Топтасып бір бағытта жүгіреді. «Торғайлар болып ұшайық»: жан жаққа жеңіл жүгіреді. Тәрбиешінің көмегімен шеңбер жасап тұрады. Шеңбер бойында жүру, жеңіл жүгіру, «қоянша» секіру. Тік тұрып қолды алға созу, тік тұрып қолды жоғары созу «Құстай қанат самғайық» жаттығуы Тік тұрып, қолды бүйірге қойып,аяқты алшақ етіп тұрып оңға және солға иілу. Аяқтың ұшымен шеңбер бойы жеңіл жүру. Тәрбиешінің артынан жеңіл үйіріліп жүгіру.	Сапта тұрып, бірінен кейін бірі тізіліп жүру, жүгіру, аяқ ұшымен жүру. Шеңбер жасап тұру Тік тұрып, қолды алға, жоғары, жанға созу,төмен түсіру. Екі қолды жайып, көбелекке ұқсап ұшу, бір орында ақырын айналу, қону. Қоянша секіру, аюша қорбаңдау. «Балапандар жем шоқыды» жаттығуы: Отыра қалып саусақтарымен еденді тырсылдату Дем алып, дем шығарып, жай жүріспен шеңбер бойы жүру	Тәрбиешінің артынан шеңбер бойында жүру, жеңіл жүгіру, бірінің артынан бірі тұру. Қоянша секіру, аюша қорбаңдау, құсша қанат қағу. Шеңбер құрып тұру. Басымен оңға, солға, алға, артқа иілу. Қолдарын алға, жоғары көтеріп, төмен түсіру. Аяқ алшақ, екі қолдарымен бүйірлерін таянып алып оңға, солға	«Маған қарай жүгіріңдер» ойыны.Топтасып бір бағытта жүгіреді. «Торғайлар болып ұшайық»: жан жаққа жеңіл жүгіреді. Тәрбиешінің көмегімен шеңбер жасап тұрады. Шеңбер бойында жүру, жеңіл жүгіру, «қоянша» секіру. Тік тұрып қолды алға созу, тік тұрып қолды жоғары созу «Құстай қанат самғайық» жаттығуы Тік тұрып, қолды бүйірге қойып,аяқты	Сапта тұрып, бірінен кейін бірі тізіліп жүру, жүгіру, аяқ ұшымен жүру. Шеңбер жасап тұру Тік тұрып, қолды алға, жоғары, жанға созу,төмен түсіру. Екі қолды жайып, көбелекке ұқсап ұшу, бір орында ақырын айналу, қону. Қоянша секіру, аюша қорбаңдау. «Балапандар жем шоқыды» жаттығуы: Отыра қалып

			иілу. «Денсаулығым керемет, жаттығуға рахмет!»	алшақ етіп тұрып оңға және солға иілу. Аяқтың ұшымен шеңбер бойы жеңіл жүру. Тәрбиешінің артынан жеңіл үйіріліп жүгіру.	саусақтарымен еденді тырсылдату Дем алып, дем шығарып, жай жүріспен шеңбер бойы жүру
Таңғы ас	Гигиеналық шаралар: Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту) Кезекшілер жұмысын ұйымдастыру **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	«Мен төңіректен нені көремін» дидактикалық ойыны Мақсаты: балаларды өздеріне қатысты заттардың орналасуын анықтауға үйрету, сөздік қорларын оң,сол,жоғары,төмен,алыс,жақын сөздерімен толықтыру. **«Кім бірінші» ойыны** Заттарды айтылған бағытта орнына жылдам қою **(қазақ тілі, математика негіздері)**	«Егер үйде жалғыз болсаң?» тақырыбында әңгімелесу Мақсаты: балалардың үйде қауіпсіздік ережесін сақтауына тәрбиелеу,қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру **/қауіпсіз мінез-құлық ережелері,қоршаған ортамен таныстыру/**	**«Алдар көсе» мультфильмін көру**. Одан алған әсерлерімен бөлісуге үйрету.Берілген сұраққа толық жауап беруге машықтадыру.Қима қағаздардан Алдар көсенінің суретін құрастыру **/сөйлеуді дамыту, құрастыру/**	«Көліктер» мультфильмін көру, алған әсерлерімен бөлісу/**көркем әдебиет/**	«Тазалықшы мысық кеңесі» әңгімелеу Мақсаты: балаларда салауатты өмір салты дағдысын қалыптастыру; тазалыққа, ұқыптылыққа, мұқияттылыққа (физикалық дамуға) деген ұмтылысты тәрбиелеу,өз ойын айтуға үйрету,сұраққа толық жауап беру дағдыларын қалыптастыру **/дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту**
Кестеге сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру** Жүру. Велосипед тебу. Шеңбер бойымен жүру, үш дөңгелекті велосипед тебуге қызығушылықтарын арттыру. Ойын: Маша мен аю «Арқан тарту»	Дене шынықтыру Секіру. Сапқа тұру. Заттарды айналып секіру, саптағы өз орын табуға машықтандыру «Кім бірінші» ойыны: Жылдам секіруге үйрету.	Дене шынықтыру Жүгіру. Өрмелеу. Әртүрлі бағытта жүгіру, еденге қойылған тақтай бойымен өрмелеуге	**Қазақ тілі** «Жемістер мен көкөністер» Балаларды жемістер мен көкөністерді сипаттап айтуға үйрету,олардың	

	Музыка Туған жерге деген сүйіспеншілікті арттыра отырып, музыканы эмоционалды көңіл күймен қабылдауға баулу. Туған аулы туралы әңгімелесу, Отан сүйгіштікке тәрбиелеу.Ән айту ережелерін сақтай отырып, хормен ән айтуға машықтандыру.Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз беттерінше орындауға үйрету.Ән тыңдау: «Менің Қазақстаным» Әнұран қосылып орындау. Ән үйрену: «Отаным» К.Қуатбаев 1ші-шумағы Қимыл қозғалыс: Дид ойын: «Өз түсіңді тап» Әртүрлі шармен билейді, әуен тоқтағанда қолдарындағы шардың түстеріне қарай бөлініп өз ұяшықтарына кіреді.	Ойын: «Табан іздері» ойыны қарапайым іздерді пайдалану арқылы жүріп өтіп, саптағы өз орынын тауып тұру.	қызығушылықтарын арттыру. Ойын: «Көңілді маймылдар»	атауларын айту, және түсіну дағдыларын қалыптастыру. «Не артық?»ойыны Балалар берілген суреттердің ішінен артық жемістер мен көкөкнітерді тауып, сипаттайды Мақсаты: Сөздік қорларын молайту. «Менің сүйікті жемісім» **сурет салу**	
Серуенге дайындық	Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу.	Серуенге ойын құралдарын дайындау.	Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру.	Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу.	Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру.
Серуен	Аула тазалаушының жұмысын бақылау Мақсаты: тазалаушының жұмысын бақылауды жалғастыру; сөздік қорын байыту арқылы сөйлеуді дамытуға ықпал ету. Еңбек қызметі: күркені сыпыру	Сауысқанды бақылау Мақсаты: күзде құстардың өмірі туралы білімді байыту. Еңбек қызметі: бұтақтарды бір жерге жинау Мақсаты: қарапайым тапсырмаларды орындауға үйрету.	«Көшемен танысу» бақылау Мақсаты: балалардың көше, жол, тротуар, жүк және жеңіл автомобиль туралы түсініктерін	Жерге түскен жапырақтарды бақылау. Мақсаты: Балаларға жапырақтар неліктен жерге түскендігі туралы айту. Олардың түстерін	Жүргізуші еңбегін бақылау Мақсаты: жүргізушінің жұмысы туралы түсінік қалыптастыруды жалғастыру;

	Мақсаты: қарапайым тапсырманы орындауға үйрету. «Торғайлар мен автомобиль» қимылды ойыны Мақсаты: бір-біріне соқтығыспай, әртүрлі бағытта жүгіру, өз үйшігін табу, сигнал бойынша әрекет ету (қоршаған ортамен таныстыру, дене шынықтыру)	«Жапырақ, маған ұш» қимылды ойыны Мақсаты: мұғалімнің сигналы бойынша тез әрекет ету, бір-біріне көмектесу қабілетін бекіту. (қоршаған ортамен таныстыру, дене шынықтыру)	нақтылау; көшедегі мінез-құлық туралы қарапайым білім беру. Еңбек қызметі: серуен аяқталғаннан кейін ойыншықтарды жинау Мақсаты: еңбек тапсырмасын орындауға деген ұмтылысты тәрбиелеу. «Торғайлар мен автомобиль» қимылды ойыны Мақсаты: бір-біріне соқтығыспай әр түрлі бағытқа жүгіру, өз үйшігін табу, сигнал бойынша әрекет ету. (қоршаған ортамен таныстыру, дене шынықтыру)	атауға үйрету. Еңбек: Құм салғыштың ішіне түскен жапырақтарды тазалау. Мақсаты: тазалыққа тәрбиелеу. (еңбек қызметі) Балалармен жеке жұмыс: Балаларға жұмбақ жасыру. Жазда тұрып жоғары, Күзде жерге қонады (жапырақ) Аспай піскен, Қайнамай піскен (жеміс) Жер бетінде шашы бар Жер астында басы бар (сәбіз) Қимылды ойын. «Күн мен жаңбыр» (дене қозғалысы) Еркін ойын	ересектердің жұмысына деген қызығушылық пен құрметке тәрбиелеу. Еңбек қызметі: қалған жапырақтарды шелекке жинау Мақсаты: ересектермен жұмыс істеуге деген ұмтылысты тәрбиелеу. «Жапырақ, маған ұш» қимылды ойыны. Мақсаты: тәрбиешінің белгісі бойынша тез әрекет етуге, бір-біріне көмектесуге үйрету. (қоршаған ортамен таныстыру, дене шынықтыру)
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы, киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру.				
Түскі ас	Тамақ ішер алдында қолды жуу.Ас мәзірімен таныстыру. Балалардың назарын тағамға аудару, олардың адам денсаулығына пайдасын айту,тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру.				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жату (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**				
	Ұйқыға арналған баяу музыка тыңдату /музыка/	«Әлди –әлди ұйықтайғой» Музыка тыңдату	Ұйқыға жайлы музыка қосу	«Күй тыңдату /музыка/	«Жақсы жатып, жайлы тұр!»

Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	«Анамды жақсы көремін» Ояну (1 мин) Жел самалы еседі. Гүл әдемі өседі. Жайқалады созылып, Күн жылуын сезеді. Би билейді айнала. Жапырақтары жайқала. Массаж жолмен жүру	«Шаямыз» Б.қ,, аяқ алшақ. Алға иіліп, қолымызды сермейміз. Б.қ оралу (2-3рет) «Кір- сығамыз», Б. Қ.- аяғымыз сәл алшақ, қолымыз шынтақтан бүгулі, алдымызда. Оңға-солға иілу, қолымызбен кірді сығып көрсетеміз. Б. Қ. оралу. (3 рет)	«Кірді кептіреміз» Б.қ..- аяқ иық деңгейінде алшақ, қол кеуде тұсында. Секіреміз, қол жоғарыда. Б. Қ. оралу. (2-3 рет) «Үтіктейміз» Б. Қ.- аяғымыз сәл алшақ, қол кеудеміздің алдында , бір алақанымызды келесі алақанымыздың үстіне қоямыз. Алға иілу, қолымыз алдымызда. Б.қ оралу (3 рет)	«Жуамыз» Б. Қ.- аяғымыз сәл алшақ, қолымыз кеудеміздің алдында, жұдырық түюлі. Отырып, кірді жуып жатқан қимыл жасаймыз. Б. Қ. оралу. (3 рет)	«Анамды жақсы көремін» Ояну (1 мин) Жел самалы еседі. Гүл әдемі өседі. Жайқалады созылып, Күн жылуын сезеді. Би билейді айнала. Жапырақтары жайқала. Массаж жолмен жүру
Бесін ас	Ас мәзірімен таныстыру. Бір- біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылды,ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел-үсті және басқа ойындар, бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және т. б.)	«Сиқырлы доп» квест ойыны Мақсаты: ертегі кейіпкерлерін атай білуге машықтандыру **(көркем әдебиет)** «Менің сүйікті кейіпкерім» балалармен шығармашылық жұмыстар орындау,өз ойын анық айтуға машықтандыру. **(сөйлеуді дамыту, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру)**	«Кім солай сөйлейді?» доппен ойын Мақсаты: Жануарларды дауысынан айыра білуге және дауыстарына еліктеуге үйрете отырып, қарапайым өкріністерді ойнауға машықтандыру. **«Сауысқан»шығармашылық жұмыс** Балалар серуенде бақылаған сауысқан туралы естеріне түсіре отырып, оны қима қағаздардан жапсырып,құрастырып, ермексаздан мүсіндейді. **/көркем әдебите, жапсыру,құрастыру,**	**«Алдар көсе» м**ультфильмінің мазмұны бойыншасұрақтарға жауап беруге баулу, Алдар көсені елесте отырып , топтық шығармашылық жұмыстар орындату **/қазақ тілі, жапсыру, сурет салу, мүсіндеу/**	«Көлік түрлері» шығармашылық - топтық іс әрекет Мақсаты: балалар көлік түрлерін құрастырып, қағаздарды қиып жапсырып, ермексаздан мүсіндейді **/жапсыру,құрастыру , мүсіндеу/**	«Денсаулық -зор байлық» шығармашылық-топтық іс-әрекет Балаларға денені шынықтыруға арналған құралдардың суреттерін ояту, қима қағаздардан құрастыру, жапсыру, ермексаздан мүсіндету**/жапсыру ,сурет салу,құрастыру, мүсіндеу/**

		мүсіндеу/			
Балалармен жеке жұмыс	Шеңбер бойымен жүруді жетілдіру А.Нұрмұхамед, И.Канабек, М.Найман	Заттарды жалпы белгілері бойынша ажыратуға үйрету Е.Ақжан, А.Агылбекова, С.Әліби, А.Тургали	Мультфильмнен алған әсерлерімен бөлісуге машықтандыру А.Айбекқызы, Д.Таңатар, А.Ташмұхамет	Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруды жетілдіру А.Бауыржан, Ә.Ғалымжанұлы, А.Айбекқызы	Әр түрлі пішіндегі жемістер мен көкөністерді бейнелеуді дамыту А.Метеубек, И.Канабек, Т.Бағлан
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Серуенге қызығушылық туғызу. Балалардың өз-өзіне қызымет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. Достарына көмектесу дағдаларын жетілдіру. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.				
Серуен	Құстарды бақылау Мақсаты: Күзгі құстардың өмірі жайлы түсінік беру. Көркем сөз: «Суық торғай» (С. Қалиев) Торғай-торғай тоңдың ба, Қарап қойып жай ғана, Тұра алмайсың орныңда? Жем іздейсің айнала. Бір қонасың, бір ұшып, Үйге кірші, торғайым, Отырасың бүрісіп. Мен аяздан қорғаймын Еңбек: Құстарға жем шашу. Мақсаты: Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. (еңбек әрекеті) Балалармен жеке жұмыс: балаларға өздері білетін құстар туралы тақпақтар айтқызу. Қимылды ойын. «Ақ қоян» ***/қоршаған ортамен таныстыру, дене шынықтыру/***	Ағаштардан желмен ұшып түсіп жатқан жапырақтарды бақылау. Мақсаты: Жапырақтардың ағаштардан қалай түскенін бақылап, әдемі жапырақтардың айналаға қалай сән беріп тұрғанын әңгімелету. Еңбек: Шашылған жапырақтар қалдықтарын жинау. Мақсаты: еңбекке баулу. Көркем сөз: Ертегі оқып беру «Ағаштар ұйықтайма?» ***/қоршаған ортамен таныстыру, дене шынықтыру/***	Аула тазалаушының жұмысын бақылау Мақсаты: тазалаушының жұмысын бақылауды жалғастыру; сөздік қорын байыту арқылы сөйлеуді дамытуға ықпал ету. Еңбек қызметі: күркені сыпыру Мақсаты: қарапайым тапсырманы орындауға үйрету. «Торғайлар мен автомобиль» қимылды ойыны Мақсаты: бір-біріне соқтығыспай, әртүрлі бағытта жүгіру, өз үйшігін	Сауысқанды бақылау Мақсаты: күзде құстардың өмірі туралы білімді байыту. Еңбек қызметі: бұтақтарды бір жерге жинау Мақсаты: қарапайым тапсырмаларды орындауға үйрету. «Жапырақ, маған ұш» қимылды ойыны Мақсаты: мұғалімнің сигналы бойынша тез әрекет ету, бір-біріне көмектесу қабілетін бекіту. Шығарылатын материал: спорттық шеңбер, доп, кегли, ағаштан қағаз жапырақтар	**Мысықты бақылау** Мақсат-міндеттері. Балалардың үй жануарлары, мысық жайлы білімдерін нақтылау, сипаттау мәтінін құрастыра білуге машықтандыру; есте сақтау қабілеттерін, байқампаздықтарын дамыту; жан-жануарларды тануға қызығушылыққа, оларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу. Көркем сөз. Б. Соқпақбаев "Мысық". Үстінде үйдің Тұр еді мысық. Қасына келді

			табу, сигнал бойынша әрекет ету (қоршаған ортамен таныстыру, дене шынықтыру)	(қоршаған ортамен таныстыру, дене шынықтыру)	Бір торғай ұшып. бассалмақ болып, Ыршыды мысық. Жалт берді торғай, Пыр етіп ұшып. Биіктен жерге Топ ете түсіп, Мысықтың қалды Жамбасы ісіп. **Еңбек**: мысықты тамақтандыру (еңбек әрекеті) **Қимылды ойын**. «Мысық пен тышқан» ***(қоршаған ортамен таныстыру, дене шынықтыру)*** Еркін ойын
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Үйде баланың ұйқысын қадағалау.	Балалармен өз отбасы туралы әңгімелесу.	Ата-аналармен әңгімелесу. Балаларды қайтару.	Демалысты жақсы ұйывмдастыру әңгімелесу

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Жеке мекеме «ABC childcare» балабақшасы
Топ: «Ботақан» ортаңғы тобы
Балалардың жасы 3 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі 04 - 8 қараша 2024 жыл

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасылық дәстүрлер туралы жеке әңгімелер, балалармен қарым-қатынас жасау және жақсы көңіл-күй қалыптастыру ойындары. Достық атмосферасын құру. Күй күмбірі-күй тыңдату Әнұран айтқызу **/біртұтас тәрбие/**				

